of the term "translation" which includes many processes that are studied in linguistics, informatics, biology and other sciences, as well as machine translation development prospects. The wide understanding of the term "translation" does not correspond to those directions in translation theory, in A. Lyudskanov's opinion, that lead to the split of its object. In this connection, more correct seem such linguistic conceptions of translation that study the general basis for all types of translation, both technical, and literary. On the contrary, the literary approach considers translation only as a type of literary creative activity, and that is why such approach considers the object of translation only literary translation, leaving without attention all the rest types of translation, that, as it is announced, does not have a creative character [4].

For similar reasons, A. Lyudskanov considers it unreasonable to oppose, as I. Revzin and V. Yu. Rozentsweig do, translation as an immediate text-to-text transition to the interpretation as the transition through the reference to reality. In his opinion, translation and interpretation are the two varieties of one and the same process, and their differentiation makes it necessary to introduce some generic concept that denotes translation in the whole. The name for such concept must be the term "semiotics".

The second part of the book is devoted to the substantiation of this proposition. Semiotics studies sign systems and processes of communication effected with the help of such code systems. Communication becomes possible due to the fact that signs can represent certain information for its participants. This information is shaped in their consciousness by way of comparison of signs with knowledge – facts that are stored in their long-term memory. Such knowledge is a special kind of switching language used to interpret the message. Here, this interpretation, or understanding the message, can be of three kinds: referential, i.e. apprehension of reality behind the message; content related, i.e. apprehension of conceptual information in the message; and formal, i.e. apprehension of correlation between different signs and messages.

From the semiotic point of view, translation is a series of code transformations. First, the translator perceives the original, decodes it through its translation into his/ her own intermediary language. Then, from this language he/she transforms the message into the language of translation and codes it into the text of translation. In this way, communication takes place, i.e. communication between people who use different language codes. The aim of translation coincides with the purport of inter-language communication, and the purport of communication is transmitting information. In other words, translation is a means of interlingual communication. Communication has a lingual character; the same relates also to the means of communication; that is why, any translation is always an action with the use of language.

Any communication is transformation of signs with the preservation of information expressed by these signs. Such process takes places under conditions

of any such transformations. It may take place in the recording of oral speech or music on a magnetic tape recorder and the subsequent reproduction of the recorded. It may take place in the transformation of light impulses into visual perception. It may take place in the conversion of a usual digital record in the dual recording ($64 = 1000000$). It may take place in the transformation of perceived information for storing it in a long-term memory, and so on. Translation from language into another must also be treated as one of the types of a semiotic process, because here we also deal with the transformation of a code with the preservation of invariant information. Thus the author does not only proclaim a unified basis of all types of translation, namely, literary and technical, or "human" and machine, but he implies that this phenomenon enters a great series of other semiotic processes.

Such wide approach to the subject of translation theory, on the one hand, reveals rather essential features of the translation process and, on the other, it stresses the importance of its theoretical assessment, because the study of translation may throw light on the numerous semiotic processes in most different spheres.

Based on these prerequisites, A. Lyudskanov considers that translation theory must develop as a special branch of semiotics. He suggests differentiating between three types of translation theory. They are: (1) "universal theory of translation", which is part of general semiotics, (2) "general theory of translation", based on linguistics, and (3) "special theories of translation", which describe transformations between the subcodes of natural languages, between natural and artificial languages and languages of machine programming.

The last two parts of the book are devoted to the description of features of "human" and machine translation. Consideration of translation from one natural language into another is started by A. Lyudskanov as if using "proof by contradiction": he first turns to the problem of translation from artificial languages. It is noted that an artificial code is characterized by one-valued (monosemantic) and constant correlation between a symbol and the ascribed meaning. These meanings may be exactly defined in a list or a code book. In an artificial language, are absent such phenomena as polysemy, synonymy, homonymy, polystructuredness and similar violations of a monosemantic correlation between a sign and the signified object. In the message compiled of such signs each sign retains its meaning, and its interpretation does not depend on other signs and its place in the message. That is why the units of two artificial languages can be placed in strict correlation with each other.

Hence, there follow six important conclusions:

1. To understand the message compiled from the units of an artificial language, it is enough to recognize the forms of these units.
2. The initial data from the description of the code give the whole necessary information for understanding and translation of such message.

3. For understanding and translation no additional information is necessary.

4. That is why, it is not necessary to make analysis outside a separate unit (to take into account the environmental context) or consider the deep (semantic) or referent level of the message.

5. There is no synthesis in translation, because identification of the form of the sign already determines its equivalent in another code system.

6. Translation has a non-creative, mechanic character.

Things are quite different with natural languages. In natural languages there is no one-to-one correlation between the sign and its meaning. Such languages are characterized by synonymy, polysemy, homonymy and other deviations from monosemy. Consequently, for understanding a message in a natural language, the primary analysis of its contents is necessary with the use of additional information obtained at various levels and exceeding the bounds of the interpreted unit itself.

Thus, understanding of a message as the first stage of the translation process is based on the basic information about the meaning of language units fixed in the description of the code and the additional information obtained in the result of the analysis.

The totality of these information complexes are called by A. Lyudskanov "compulsory translation information". He considers this concept to be central in translation theory. In his opinion, such information is an objective value that may be identified before the start of the translation process. Translation theory must establish the composition and volume of the compulsory translational information that will be different for different pairs of languages and different subcodes of the language, its functional styles and genres. Translation theory can do it on the basis of analysis of the form and meaning of the sign, deep-semantic and referent level of the message. Such analysis is always connected with the necessity of choice. The process of translation from one natural language into another natural language has, therefore, a selective and creative character. At its first stage, comparison takes place of the signs with the intermediary language, which is kept in the memory of the translator or is materialized in dictionaries, books and other resource guides. Information obtained in the result of analysis of linguistic and extra-linguistic factors, exists also in the form of a code-intermediary language in the consciousness of the translator. Thus, the first stage of the translation process – the stage of analysis – can be characterized as translation from a natural "input" language into the intermediary language.

Passing to the second stage of translation (the stage of synthesis) - A. Lyudskanov points out that it may be treated as translation from the intermediary language into another natural language. He calls it the language of the "output". Here, the translator uses information that is necessary for the synthesis, which, in A. Lyudskanov's opinion, coincides with information obtained at the stage of analysis and fixed in the intermediary language. This information is the result of formal, semantic and

referential analysis. The formal analysis makes it possible to choose the designated, and in this respect, we have the same situation as in the translation from artificial languages. But the semantic and referential analysis makes it possible to identify the designated, but it doesn't define the designator monosemantically, i.e. there is choice of signs in the language of translation. The problem of synthesis is in the choice of the designator for a similar designated, and sometimes a different designated for the same referent. This problem can not be solved on the level of designators. That's why it seems that a translator renders the means of one language with the help of a means of another language. In fact, he / she renders the function of the source language means, choosing for this purpose a means in this other language that performs the same language. (Here, function is treated as the ability of a language means to evoke in the addressee a certain intellectual or emotional feeling.) Retention of such function makes the invariant of translation, and its identification and choice of the respective means have a creative character.

In this connection, A. Lyudskanov does not agree with the wide-spread opinion that, as the number of formal correspondences is more numerous in one kind of genres (scientific-technical translation) than in some other (literary translation), the degree of accuracy of translation may be different. He points out that accuracy of translation is in the retention of a functional invariant, and this requirement remains constant under any correlation of designators.

Such functional equivalence is compulsory for all types of translation. A. Lyudskanov believes that the aim of translation always coincides with the purport of communication: to render the invariant information and that is why its accuracy is always functional. As it is impossible to foresee and specify all the factors that influence identification of such information, due to the existing level of development of linguistics, literature study, esthetics and other sciences, the choice of the variant of translation in natural languages has a creative character in all types of translation. In this connection, A. Lyudskanov again opposes resolutely the opposition of literary translation to other types of translation, insisting that in their background there lie common regularities.

The last part of the book is devoted to the problems of machine translation. Having considered the main problems of machine translation and given brief characteristics of some theoretical works in this field, A. Lyudskanov points to the principal possibility of formalization and algorithmization of the process of translation, and at the same time, to great theoretical and practical differences connected with the realization of this task. And here, he stresses the unity of translation activity, underlining that scientific study of various aspects of "human" translation and development of contiguous linguistic disciplines make it possible to move forward also in the field of delivering part of translational functions to a computer.

A. Lyudskanov's work reflects a certain period of formation of linguistic theory of translation. It is interesting, first of all, by its wide semiotic approach to

translation, which shows that the study of translation activity may give valuable data for more profound penetration into the essence of most various semiotic processes.

LIST OF REFERENCES

- 1 **Людсканов, А.** Преждат човекът и машината. – София, 1967. – 87 с.
- 2 **Комиссаров, В. Н.** Общая теория перевода. Проблемы переводоведения в освещении зарубежных ученых: Учебное пособие. – М. : «ЧеРо», совместно с «Юрайт», 2000. – 136 с.
- 3 **Комиссаров, В. Н.** Современное переводоведение: Учебное пособие. – М. : «ЭТС», 2001. — 424 с.
- 4 Хрестоматия по теории перевода [Текст]: Выдержки и извлечения. - Алматы : АГУ им. Абая, 2001. - 231 с.

Pavlodar state university named
after S. Toraigyrov, Pavlodar.
Material received on 15.08.13.

Г. Х. Демесинова

Болгариядағы аударма теориясы мен практикасы

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 15.08.13 редакцияға түсті.

Г. Х. Демесинова

Переводоведение в Болгарии

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 15.08.13.

Аталмыш мақаланың мақсаты аударма теориясы мен практикасының Болгариядағы дамуын және болгар аудармашыларының элем аударма теориясы мен практикасының дамуына қосқан үлесін көрсету. Мақалада А. Людсканованың қосқан үлесі сөз болады.

Целью данной статьи является представить развитие теории и практики перевода в Болгарии и вклад болгарских переводоведов в мировую теорию и практику перевода. В данной статье представлен вклад А. Людсканова.

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова

МӘШҺҮР ЖҮСІП ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «ЖОЛ», «МАХАББАТ», «НӘПСІ» ҰҒЫМДАРЫ

Мақалада Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі «жол», «махаббат», «нәпсі» сияқты ұғымдары қарастырады.

Мәшһүр Жүсіп стилі дегенде, оның өзі қатарлас басқа да шығыс ақындары тәрізді тұспалдау көмегімен «жол» сөзі мағынасын біржола кеңейтіп қолдана білгеніне де назар аудартқымыз келеді. Осы орайда дәстүр жалғастығын дәлелдеу үшін тағы да алысқа бармай-ақ көне түркі әдебиеті өкілі Жүсіп Баласағұн туындысы (1069-1070 ж.) мен татар әдебиеті өкілі Ғабдолла Тоқай өлеңінен мысал (1906) келтірумен шектелеміз:

Мейірімді, тура оңына-солына,
Тігер басын ақиқаттың жолына.
... Жан алғыштан келер қандай қайыр бар?!
Ұзақ жолға өмір бойы дайындал [3, 86, 174 б.].

Ғабдолла Тоқай да осы пікірді жалғастырған:
Шыбын жаным әрқашан да пида шындық жолына,
Менің жолым - әділ, сара, социалистер жолындай [2, 21 б.].

Мәшһүр Жүсіпте әрі өзінен бұрынғы игі дәстүрді сақтау, әрі оны дамытып, өзіндік өрнек үстеу жүзеге асқан:

1. Ақ жолын шарифаттың құрсам екен,
Мойнымды нашарларға бұрсам екен.
2. Байланып арқан жіпсіз аяқ пен қол,
Кете алмай жүргенім ғой ұзақ жолға.
3. Наданды кім салады жөндеп жолға,
Жөндесең, қарайды екен – «оң» - деп, солға.
4. Шарифаттың жолынан адаспаған.
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.
5. Оң жолға өзің баста, патша Құдай,
Жоқты бар қылған сенсің, қиынды – оңай!
6. Екі көңіл арасы – кара жолды,
Күндіз-түн қатынасады оңды-солды.
Болған үшін басында мұң менен зар,
Бір күн қылдай жіңішке, бір күн толды.

7. Ақылды адам ақымақтан сілкер қолды,
Даярлап өз ғайыбына ашар жолды!
8. Патшаны көрмесін деп қазақ барып
Жүрсін деп қолымызда болып ғаріп.
Жол тауып бас білетін ерімізді
Тірілей көмбеді ме көрге салып?!
9. Күн бұрын бекітіп бақ келер жолын,
Үйіңнің белдеуінен ажырат қолын.
Үйіңе кедейлікті бір түнетсең,
Бермейді ел көшкенде жұрттың соңын.
10. Бір сапар талап ойлап шықтым мен жол,
Жалғанда өліп кетсем, арманым мол!
11. Тұзу бас, тура жолдан теріс те аспа,
Өнерсіз надандармен араласпа!
12. Тәспіні жыбыр-жыбыр серпіп тастап,
Надандық қисық, қыңыр жолға бастап.
13. Молдаке-ау, баста бізді даңғыл жолға,
Мен айтайын, қаламды алшы қолға.
14. Кеңітсең сен пейілді, дәулет артар!
Тарылсаң, салар Құдай қиын жолға! [4].

Мәшһүр Жүсіптегі бірінші мен төртінші мысалдарда шарифаттың ақ жолы, яғни неғұрлым әділ, дұрыс жол әспеттелсе, екіншіде ұзақ жолға кете алмауға шұқшиту алға шыққан. Үшіншіде надан адамды дұрыс жолға шығару қиындығы сөз болса, бесіншіде «оң жолға» бастауды Алланың өзінен тілеу орын алған. Алтыншыда «жол» сөзі мағынасы тағы да кеңейіп, күрес-айқастың ежелден келе жатқанын шегелеу орын алса, жетіншіде әр адамның айыбын ашу жолы мәні сөз болады. Сегізіншіде бүкіл халыққа, ұлтқа бағыт көрсетіп, басшы болар ерді «тірідей ... көрге салып» көмуге ашыну алға шыққан. Ал, тоғызыншыда жолдың бәрі дұрыс еместігін, мәселен, кедейлікке жеткізер еріншектікті ту етушілердің алдын кесу мәселесі қойылса, оныншыда лирикалық қаһарманның әйтеуір «бір сапар талап ойлап» - жолға шығуын өрнектеу көмегімен белгілі бір әрекетке кірісуді әспеттеу жүзеге асқан. Он біріншіде «тура жолдан» теріс кетпей, тұзу аяқ басуға үндеу бас көтерсе, он екіншіде қарапайым сенгіштерді «қисық, қыңыр жолға» бастаушылар ісі түйреледі. Он үшіншіде лирикалық бейненің өздерін «даңғыл жолға» бастауды өтінуі бейнеленсе, соңғыда адам ниеті тарылғанда, «қиын жолға» түсу қаупі өсетіні ескертілген.

Мұсылмандық шығыс әдебиеті ерекшелігі дегенде, ондағы «махаббат» сөзіне алдымен назар аударған жөн. Алысқа бармай-ақ, Абайдың жоғарыда келтірілген 1902 жылы жазылған мына жолдарына қайталап үңілткіміз келеді:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
 Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
 Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
 Және хақ жолы осы деп әділетті
 Осы үш сүю болады имани гүл ...[1, 304 б.].
 Мәшһүр Жүсіпте басқа сезімдер тәрізді «махаббат» ұғымын жырлауда да әрі өзіне дейінгілермен үндестік, әрі өзіндік нақыш қоса өрістеген:

1. Махаббатпен жаратқан адамды өзі,
 Махаббатсыз боп кетгі дүние жүзі.
 «Махаббатсыз жан да жоқ, тіпті иман», - деп,
 Анық бар пайғамбардың хадис сөзі.
2. Махаббаты дүниенің бұлт болып,
 Бір көңілге орнығып қалса қонып.
 Ғылым менен білімнен еш пайда жоқ,
 Көрген-білген кетеді ұмыт болып.
3. Махаббат – сәулесі зор, құдай нұры,
 Көрген жан сол сәулені қалмас құры (кұр).
 Қалған соң күндізгі күн – түндей болып,
 Қайғының аса қалың түсті зоры.
4. Тұрады расул нұры жауһар беріп,
 Хош ұрды махаббаты оны көріп.
 Ағзаға бармақлыққа ғашығы кетіп,
 Аузынан рухы, шарпы кірді келіп.

Міне, алғашқыда жоғарыда айтылған Абай идеясымен тікелей тәркіндестік, яғни Алланың адамды махаббатпен жаратқанын әйгілеу, екіншіде махаббатсыз «ғылым мен білімнен еш пайда жоқ» екендігі шегеленген. Ал, үшіншіде махаббаттың «сәулесі зор құдай нұры» - екені айшықталса, соңғыда да махаббат орны ерекше екені дәріптелген. Мәшһүр Жүсіп тікелей «махаббат» сөзін қолданбай-ақ оған туыс: «ғашық оты», «ғашық болу» сөз орамдарын келтіргенде де, осы махаббат идеясын өрістеткенін байқау қиын емес:

1. Сөнбейді ғашық оты бір жанған соң,
 Екі ағаш басын қосып тұтанған соң.
 Жанбайды, жалбарынсаң, жалғыз ағаш,
 Айырылып қосағынан бір қалған соң.
2. Көңілінде ғашық оты барған қинап,
 Отырған ақ маралға көзі жайнап.
 Жолдасың құтты болсын ақ сұңқарым,
 Қуандық, Сүйіндіктен алған сайлап.
3. Жаратқан, ғашық болып, Иесіне,
 Ат, айғыр, арманы жоқ, биесіне.

Көрді деп мал қызығын – соны айтыңыз,
 Мінген соң тақтырауан түйесіне.
 4. Ақырет қызығына жүрген тоймай,
 Сағынып жүруші едік күліп, ойнай.
 Пайғамбар дауазасына ғашық болып,
 «Барам!» - деп, жүруші еді, айтып қоймай, [5].
 Зерделесек, алғашқы екі үзіндіде «ғашық оты» мәні сөз болса, соңғыларда ғашық болу ләззаты асқақтатылған.

Мұсылмандық шығыс ақындары ақ сезім махаббатты шарықтатумен бірге соған қарама-қарсы тойымсыздықты, ашкөздікті сынауға да жете көңіл бөлген. Соның бір көрінісі нәпсіге шек қояды жырлау дер едік. Бар ақынды тізбей-ақ, соның ең көнесін және көрнектісін бөліп көрсетсек, тағы да 1069-1070 жылы жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі арнайы назар аудартады:

1. Тіл мен нәпсі, тия алған бұл екеуін,
 Қолын[а] алар қазынаның жетеуін
2. Тілінді тый, қарай жүргін көзіңе,
 Нәпсінді тый, құлқының – жұт өзіңе.
3. Барлық аштар, жесе, ақыры тояды,
 Сұғанақ көз тек көрінде қояды [3, 136, 161, 219 б.].

Дәйектесек, алғашқы екі үзіндіде нәпсі тыю қажеттігі мәнділігі бөлініп көрсетілсе, соңғыда «нәпсі» сөзі айтылмаса да, сұғанақ көздің тек өлгенде тоятынын келтіру де сол нәпсіге шектеу қою керектігін аңғарта алады.

1. Екінші намаз екен-бізге парыз,
 Айтпасақ білмегенге бізге қарыз.
 Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ,
 Құдайға жетеді екен сонда ғарыз.
2. -Беріп тұр мені ойға алып, малын қиып,
 Шайтанның тілін алмай, нәпсі тыйып.
3. Өлімнен күллі нәпсі шәрбат татар.
 Бір атса, ажал оғын, табандатар!
4. Нәпсім жүр надандықтан әлі қайтпай,
 Еркіне жіберген соң басын тартпай.
5. Нәпсіні өзі билеп, жерді басса,
 Отқа түсірер орыннан аулақ қашса.
 Жұрт көзінше Құдайдан қорықса қандай,
 Оңашада қорқынышы одан да асса!
6. Жүремін шүкіршілік қып денім сауға,
 Үміт бар – ермеспін деп – нәпсі жауға!
7. Біз – түлкі, ажал бүркіт қоймайтұғын,
 Нәпсіміз – бір аждаһа тоймайтұғын.

8. Шайтанның шамаң келсе, сындыр белін,
Ол иттің керек қылма: жауын, елін.
Бір іске өкінбейін деп ойласаң,
Нәпсіңнің достық айтқан алма тілін.
9. Бәрі әулие, басында тұрған туы,
Қалмастан барар сонда жасы-қуы.
Ол күнде алаңдатып, әуре қылды,
Ғақылдың көзін шалып нәпсі буы.
10. Өз нәпсің бойыңдағы – жанның жауы,
Жалғанда екеуінің бітпес дауы.
Нәпсіңнің айдауына ере берсең,
Білінбес өз басыңның ауру – сауы [6].

Алғашқыда тек нәпсіні тыю емес, оны құрбан қылу бауыздауды алға тарту тәрізді тым қатал шара қолдану арқылы Мәшһүр Жүсіп мұсылмандық салт, ұлттық дәстүрді сақтауды алға тартумен бірге дерексіз ұғымды жан иесіне айналдырып, оны «құрбан қылып» бауыздау ұғымын енгізіп, өзіндік жазу мәнерін қоса аңдатып отыр. Екіншіде құр нәпсі тыю емес, оны шайтанның тілін алмау нәтижесі ретінде қарау бой көтерсе, үшіншіде «нәпсі» ұғымын кеңейтіп, күллі нәпсінің «өлімнен шәрбат» тартатынын шегелеу барысында нәпсі мүмкіндігін кемітпей көрсете алған. Төртіншіде нәпсі тыйылмауына надандық сеп болғаны ескертілсе, бесіншіде нәпсіні адамның өзі билеу керектігі бөліп көрсетілген. Алтыншыда нәпсінің адамға жау екенін лирикалық қаһарманның сол жауға ермеуге деген үмітін әспеттеу алға шыққан. Жетіншіде адамдар нәпсісінің тоймайтындығын ашу үшін, ол аса көлемді жем асай алатын аждаһаға баланады. Сегізіншіде нәпсі тілін алмауға үгіттемес бұрын соған дайындайтын жәйттерді, яғни азғырушы шайтанды тыңдамай, тіпті оның белін сындыруды уағыздау іске асқан. Тоғызыншыда нәпсі буының ақылдың көзін жабуын шенеу іске асса, соңғыда тағы да нәпсіге ермеу мәніне үңілте түсу үшін мал бағуды негізгі кәсіп еткен қазақ халқына ең жақын ұғым айдауды, яғни малды белгілі бір бағытқа жүргізуді межелейтін «айдауына» сөзін қолдану да ақынның әрі дерексіз ұғым нәпсіні айдауға лайық жан иесіне айналдыру, әрі ұлттық өрнекті сәтті пайдалану жемісі дер едік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абай. Шығ., 1-том, – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
- 2 Ғабдолла Тоқай. Көңіл жұлдызы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 180 б. (Ауд. Төкен Әбдірахманов).
- 3 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986.- 616 б. (Ауд. А. Егеубаев).

- 4 Мәшһүр-Жүсіп. Шығ. – 1-том. – Павлодар: ЭКО, 2003. – Б. 62, 121, 166, 229, 264, Шығ. 2 том.-Б. 26, 91 және 4-том.-Б. 75, 95, 104, 113, 172, 231, 283 .
5 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. – Павлодар: ЭКО, 2003.-Б. 147, 4-том. – Б. 203, 237, 293, 238, 222, 107 , 1-том. – Б. 216.
6 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. – Павлодар: ЭКО, 2003. – Б. 138, 149, 169, 256, 295, 301, 2-том. – Б. 20., 4-том. – 2004. – Б. 117, 252, 335.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 22.08.13 редакцияға түсті.

Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова

**Понятия «дорога», «любовь», «алчность» в стихотворениях
Машхура – Жусипа**

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 22.08.13.

N. K. Zhusupov, M. N. Baratova

Concepts «road», «love», «greed» in the poems of Mashkhour - Zhusip

Pavlodar State University named after
S. Toraiyrov, Pavlodar.
Material received on 22.08.13.

*В статье рассматриваются понятия такие как «дорога»,
«любовь», «алчность» в стихотворениях Машхура - Жусипа.*

*The article examines the concepts such as “road”, “love”, “greed”
in the poems of Mashkhour - Zhusip.*

А. Ф. Зейнулина

ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУДЫҢ КЕЙБІР ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Мақалада ұлттық сана-сезімнің қалыптасу тұтастығы мен тіл мәдениетін дамытудағы психологиялық аспектілері қарастырылады.

Дұрыс сөйлеу мен көркем ойлау мәселелеріне психологиялық қатынастың мәні тілдік білім беруде тереңірек түсініледі. Бұл көркем шығармашылықты кешенді үйренудің жалпы тенденциясының бір түрі. Бұған кейінгі кездері жарық көрген бірқатар еңбектер дәлел. Бұл еңбектердің ішінде әсіресе Жүсіпбек Аймауытовтың «Жан жүйе және өнер таңдау» деген еңбегін ерекше атап өтуге болады. Бірақ қабылдау мәселесінен басқа, тілдік білім берудің басқа да түрлі мәселелері бар. Олардың арасында біз ең алдымен өзара байланысты үш мәселені ерекше атап өтеміз. Бұларда стиль мәселесі психологиялық тұрғыдағы кейбір заңдылықтармен ұштасады. Бұлар – стиль және тілдік ойлау ұғымы, стиль және шығармашылықтың психологиялық механизмі, стильдік талдау үшін сөз өнерін қабылдау психологиясының ролі.

Тілдік стиль – ұлттық ойлаудың ерекшеліктерін көрсету, ойлаудың ерекше шығармашылық формасының түрлері. Бұл стиль мәселесін психологиялық заңдылықтар тұрғысынан қарауға негіз болатын сәт. Ұлттық ойлауды мейлінше қысқа, жалпылама түрде түсіндіргенде, оны есте сақтаудың ұлттық-интонациялық есту тәжірибесінің көмегімен игерілген, қайталанған ұлттық қабылдау нәтижесіндегі ұлттық-бейнелі елестетулермен ойлау деп жеткізуге болады. Ұлттық ойлау - әдетте тілдік қызмет ұғымымен байланыстырылатын ұлттық - шығармашылық ойлауға қарағанда кеңірек ұғым. Ол ұлттық мәдениеттің ірге тасын қалайтын басты құндылықтардың қажетті негізін құрайды. Олар: ұлттық ойлау, ана тілінде сөйлеу, ұлттық тәрбие. Олардың әрқайсындағы ұлттық ойлаудың сипатындағы айырмашылық қатыстық қана.

Лирикалық кейіпкер тарихи, ұлттық және әлеуметтік жағынан нақты анық, әлеуметтік-мәдени уақыт пен кеңістіктің нақты координатында болады. Қазақ тілі мен әдебиетінде, тарихы мен мәдениетінде сыртқы пішіні қарапайым, бірақ ішкі құбылысы терең. Шығарманың интонациялық-субъективтік тұтастығының міндетті шарты – лирикалық кейіпкердің болуы. Онсыз шығармашылық әлем босап, ыдырайды, өнер өледі. Сондықтан барлық суреткерлер шығарманың басты интонациясына құлақ түріп, туындының субъективтік әлеміне терең бойлаған.

Ойлаудың жалпыпсихикалық қызметі ретіндегі бір түрі ұлттық ойлауға, бірқатар жалпы психофизиологиялық заңдылықтар мен сезінудің жоғары жүйке қызметі функциялары (эмоционалдық және интеллектуалдық), қабылдау мен олардың талдаулары, елестетудің пайда болуы мен есте сақтау, логикалық жалпылау, еріктік актілер т.б. тән. Әсіресе ұлттық ойлауды қалыптастыруда ойлаудың тіл мен сөйлеуге қатынасы ерекше орын алады.

Табиғи (сөйлеу) және ұлттық тілдердің шынайы қызмет етуінің табиғаты мен сипаты әр түрлі болғанымен, олардың ойлаудың мазмұнын жеткізу құралы ретіндегі және әлеуметтік-коммуникативтік қызметінің көрінуі ретіндегі ортақ белгілері бар. Бұдан жалпылықтың бұдан арғы ортақ белгілері, ең алдымен пайда болу мен дамудағы ортақтықтар, яғни ұлттық ойлау мен сөйлеу тілінің тарихи, биологиялық-антропологиялық аспектідегі алғашқы генетикалық өзара байланыс туралы белгілі гипотезаны есімізге түсірсек болады. Адамның сәби кезіндегі сөйлеу тілін үйрену процесін және ұлттық ойлау тілінің негізін игеруді бақылау осылай айтуға негіз болады. Балалардың сөз шығармашылығына, яғни үлкендердің тілдеріндегі жоқ сөздер мен сөз тіркестерін сөзжасам логикасына сәйкес және тілдің грамматикалық нормаларына сай шығару қабілеттері бар екені жалпыға белгілі. Ұлттық тілдің, ұлттық ойлаудың нормаларының стихиялы түрде өтіп жататын бұндай талдауы, әдетте сәби жасында басталатын болса керек. Сөйтіп, ұлттық ойлаудың қажет шарты - есте ұзақ сақталатын тұрақты ұлттық тыңдау түсініктерін ойсыз қалыптастыру.

Ұлттық ойлаудың психологиялық механизмінің гипотетикалық моделінің сипаты жолында тағы да бір қажеттілік – ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен насихаттау.

Егер ұлттық құндылық ұғымы жалпы алғанда лингвистикалық тұрғыдан ұлттық тіл ұғымына сәйкес келсе, онда ұғым ұлттық ойлаудың бір көрінісі ретінде айшықталып, ішкі сөйлеу ұғымына сәйкес келеді. Ол қорға негізделеді де, соңғының латенттік, түсінбейтін жағдайдан субъективті түсінілетін жағдайға ауысуын білдіреді.

Көрсетілген құбылыс ұлттық ұғым тәжірибесі бар кез-келген тұлғаға, әсіресе ең алдымен сөйлеушіге тән болуы керек. Көбіне еріктен тыс түрде пайда болып, ұғым назардың тиісті бағытымен байланысты туындайды. Ол жалпы тілдік тыс ойлаумен перманентті (үнемі саналы түрде болмаса да) қатар жүреді десек те болады. Сөйлесім дағдысы арқылы сананың ұлттық қағидаға қажет дәрежеде дамуға мүмкіндік туғызады.

Тілдік сана құбылысы ұлттық ойлаудың негізгі болып табылатын шарты ретінде тілдік қарым - қатынас, ұлттық менталитет, тілдік мәдениет шығармашылық ойлауға тән. Бірақ дәл осы жерде тыңдаушылық пен шығармашылық ойлаудың арасындағы айырмашылық танылады. Олар бір-бірінен интенсивтік шамасына ғана қарай емес, мазмұнына қарай да ерекшеленеді.

Алаш зиялылары Жүсіпбек Аймауытов пен Мағжан Жұмабаев педагогикалық ғылыми еңбектерінде ұлттық сана құндылығы мен тіл мәдениеті туралы мәселелер ғылыми-теориялық тұрғыдан талданды. Осы еңбектерден шабыт, эмоция, ерік, назар, музыкалық, үндестік, музыкалық есту қабілеті, есте сақтау, елестету, шынайылыққа эстетикалық көзқарас т.б. анықтамаларын табуға болады. Тілдік қабілеттердің көптеген белгілері мен қасиеттерінің қалыптасуы дамудың жалпы заңдылықтарына бағынатынын атап өту қажет. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов «ешқандай дарындылық деген жоқ, бірақ адамдардың қандай да бір әрекетке ыңғайлы болулары мүмкін». Жалпы педагогиканың мына ережесіне дәл келетін ұлттық педагогикада анықтама бар. Ол: «Тілдік қабілет дамудың ең басында дайын күйінде берілмейді. Ол ұлттық даму қабілетінің белсенді шығармашылық қызметінде қалыптасады», - делінген. Ал ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов ұлттық ойлау туралы ұғымды тілдік дарындылықтың синтетикалық көрінуі ретінде енгізді және оны құрушы құрамдыс бөліктерін анықтады. Олар: шындыққа эмоционалды-эстетикалық қатынас, бейнелі ойлау, ұлттық ойлаудың түрлі сапалық қасиеттерінен тұратын ұлттық - есту жүйесі, үйлесімділік және көркем ой тұтастығы

Әліппені ойлап тапқан өнертапқыштар мнемоника саласындағы ұлы негіз қалаушылар болды. Мнемониканың негізінде сөзсіз, ассоциацияның жалпы психологиялық заңы жатады, онда оқуға, жазуға, есептеуге, тілдесуге және т.б. үйретуді қалыптастырады. «Зерделі өмір бай болуы үшін, көрініс қорының мол көлемі болғанша, көріністі жеңіл байланыстыратын қабілеті қажеттірек».

Психологтар бекіткендей, адамның түрлі объектілерді қабылдауы көбінесе сол нәтижені күтумен анықталады, ал нақтырақ айтсақ, өзінің жеке тұлғалық мінезіне, өткен өмірлік тәжірибесіне, тілді білу дағдысының бар екендігіне, т.б. байланысты өзінің қандай да бір реакциясын көрсете білу бейімділігі. Осылайша, қандай да бір субъектінің өмірлік құбылысында көргені сол жеке тұлғаның өзі жобаланатын өзіндік бір экран болып табылады. Мұндай жобалаудың механизмдері З. Фрейдтің классикалық еңбектерінде бір жақты суреттеледі. Одан әрі зерттеушілер адамдардың жеке тұлғалық мінездерін объективті бекітуге мүмкіндік беретін түрлі тестер құрастырды. Олардың өмірлік құндылықтары мен бағдарлары, алға ұмтылушылықтары мен мотивациялары, білімінің мазмұндылығы мен тәжірибесі дұрыс анықталмаған, яғни түсіндіруге бір мағыналы емес сауалдарға берілетін жауап немесе картина мазмұнын суреттеу негізінде бекітіледі. Парасатты және ықыласты педагог тестсіз-ақ оқушысының жеке тұлға екендігі туралы объективті пікір жасай алады, ол қалай өзгерсе де, «еш өзгеріс байқатпайды», егер ол апперцепция механизмдерімен таныс болса және тіпті ең кішкентай білімсіз белгінің негізінде үлкен мәселелерді үйренуге жол ашуға мүмкіндігі

болады, себебі барлығы бір-бірімен байланысты, яғни, кішкентай термин үлкен ерекше терминмен бірігеді, ал тәжірибенің барлық алдын-ала элементтерін түсіну керек, оларды біз сыртқы қабылдауға енгіземіз және олар әдісті анықтайды. Басқаша айтқанда, апперцепция дегеніміз бүгінгіні қалыптастырудағы біздің алдыңғы тәжірибенің қатысуы секілді басқа бір жағдайды білдіреді.

Әлеуметтік-психологиялық факторлар (жасы мен жынысы, білім деңгейі және нақты бір әлеуметтік-демографиялық қабатқа жатуы) тілді білу әрекет сипатына әсер етеді, ол әрекет-ұлттық қабылдау нәтижесі – сәйкес қабілеттілік пен кәсіби дайындықтан кем емес. Олар барлық әлеуметтік-психологиялық фактордың жеке тұлғаның құндылық бағытының мазмұнына жалпы және ұлттық қызығушылығының жекелей олардың рухани мәдениетінің ортақ біртұтастығының құраушысы ретіндегі еш даусыз әсерін сенімді түрде дәлелдейді, мұнда толық немесе аздап қана тұтастықта өзіне тән құндылық бағытымен барлық жеке тұлға айнадағыдай көріне алады.

Білім алушылардың психикалық дамуының концептуалды жүйелілігі бақыланып отырған зерттеулері негіз қалаушы болып табылды. Білім берудің психологиялық негізінің дамуы білім берудің басталуына зиянын тигізбейді, тек қана онымен ажырамас ішкі байланыста жетілдіріледі. Бұл жаңа теориялық құрылымның принциптерін анықтайды: адамның психикалық дамуы индивидтің туа пайда болған қабілеттерін жан-жақты дамытатын «қоғамдық үлгіні» және тәрбие мен білім беру процесінде арнайы психикалық қызметті тағайындау түрінде жүзеге асады. Соның нәтижесінде:

– білім алушының психикалық даму сипатымен сәйкес келетін тәрбие мен білім берудің ішкі байланыстарын үйрену үшін қажетті бағытталар қалыптасады;

– бұл байланыстардың сипатын үйренудің ерекше әдісі ретіндегі эксперименттің түрлеріне психологиялық зерттеу енгізуге қажетті жағдайлар анықталған.

Эксперименталды білім берудің білім алушының психикалық дамуына әсерін үйрену ерекше әдісті қолдануды талап етті, оны психологияда қалыптасушы эксперимент әдісі деп атау қабылданған. Оған үйреніп отырған процеске зерттеушінің белсенді араласуы тән болып табылады. Қалыптасушы эксперимент жүргізу қалыптасып отырған психикалық жаңашылдықтың мазмұнын жобалау мен модельдеуді ұсынады.

Білім алушымен жүргізілетін оқу жұмысы процесінде мұндай жобаның (модельдің) іске асуының жолдары мен формаларын зерттей отыра, сонымен бірге сәйкес келетін психикалық жаңашылдықтың пайда болу заңдылықтары мен шарттарын да үйренуге болады. Осылайша, қалыптасушы экспериментті генетикалық-модельдеуші деп те атауға болады. Бұл әдістер білім алушының психикасын да әрекетте кәсіпке әкеп соғатын тұрақты да, кездейсоқ та

жаңашылдықтың қалыптасуының себептері мен шарттарын нақты анықтау маңызды болып табылатын кез-келген зерттеуде анықтаушы болады. Аталған мәселелерді зерттеу үшін педагогика мен психологияның адамның қабілеті, шығу тегі және дамуы мәселелерін қарастыратын бөлімдері де аса құнды болып табылады. Жалпы педагогика саласында К.К. Платоновтың «Қабілеттілік мәселелері» атты еңбегінде кәсіби іріктеу әдісі талдауы кезінде осы зерттеу үшін маңызды мынадай түйін жасалады:

«Қабілетті» білім алушы дегеніміз ол – қате жасамайтын адам емес. «Қабілетті» білім алушы ол – білім алу процесінде дөрекі және тұрақты қате, қате әрекет жасамайтын адам, яғни, нақтырақ айтсақ, алға қойған мақсатына жете алмайтын адам.

Ұлттық құндылық нысанасында барынша ең нәтижелі тәрбие мен терең білім беру. Осындай ортақ мақсатта ұлттық педагогикада ұлттық сана мен ұлттық тәрбие шеңберінде, әсіресе, тілдік білім беруде педагогика жеткілікті түрде оқу қызметінің көркем нәтижесінің бағасының субъективті болуына көбірек көңіл бөліну қажет.

Жас ұрпақтың ұлттық қабілеттерін дамыта отырып, ең алдымен, жағымсыз ішкі және сыртқы жағдайлармен күрес үшін, әрекетті де, нәтижені де бұрмалайтын, тұрақты қателіктерге ұрындыратын бөгеттермен күрес үшін қажетті мінез-құлықтың жеке өзгешеліктерін нығайтуға да күш салу қажет. Ф. Де Соссюрдің «тіл-қоғамдық құбылыс» деген көзқарасын қолдай отырып, тілші «тіл қоғам қатынастары жүйесінде ғана адам мен адам арасында ғана жарыққа шығады», -деп атап көрсетті. Әр тілдік ұғымның кезеңдік даму ерекшеліктерін талдай келе, Қ. Жұбанов ой туралы, оның тіл білімінде зерттелуі жайлы бірнеше пікірлер келтірді. Атап өтсек, тілші еңбектерінде «осы күнгі «жан», «рух» мәселелерінің бүгінгідей психика, психология тұрғысында емес, мистика, спиритизм нысаны ретінде ғана сөз болғаны аталды. Формалистер «Сөйлем ойда болса болар, бірақ сөзде болмайды» дейді. Мағынаны мүлде жауып қоятындарын осы ғалымдардың басқалары ультра-формалист деп атайды» деген тұжырымдардың тым біржақты сипат алғандығын дәлелдеу арқылы тілші «психологиялық қиялдау», «тану, ойлау, ат қою», «ойды сөзсіз ым арқылы жеткізу» секілді мәселелерге мән берді. Ғалым тілдік механизмдердің бір бөлшегі ретінде алынатын сөзді де, сөйлемді де ой жемісі ретінде, жеке ұғымдарды біріктіретін жиынтық есебінде түсіндірген дұрыс деп есептеді. «Сөздің құрылысы мағынаға сәйкес өзгереді. Бір мағынаның өзі әр жерде әр қырынан танылады. Әр сөз өз алдына жеке ұғым...»-дей келе, осындағы «ұғым» сөзін автор заттың не болмаса құбылыстың «несше түрлі қасиеттерін біліп үйрену», сол арқылы «... үйренуіміздің жинағын ұғым деп қабылдау қажеттігін дәйектейді. Айталық, «Киіз үйдің түндігінен жарық түседі, терезе де жарық түсіреді. Сондықтан Алтай елінде терезені түндік дейді» деген ұғым сипаттамасы халық

қабылдауында орныққан баламалы танымның негізін құрайды. Мұндай «ұлттың немесе халықтың «ұжымдық санасындағы ассоциациялар» арқылы тілші кез келген сөздің этноментальды ерекшелігін айқындайды. Ұғымды қалыптастыратын белгілі бір орталар мен этникалық қауымдастықтар болатынын ескерсек, адам санасында туындайтын алуан түрлі сөздер мен сөз тіркестері де, бір жағынан «үйрену арқылы» этнопсихологиялық танымнан нәр алса, екінші жағынан әртүрлі жағдайларға тәуелденіп, белгілі бір эмоционалды-экспрессивті бояуларға немесе «көңіл райын» сипаттайтын ерекшеліктерге ие болады.

Қоғамда өмір сүріп, қоғам қажеттілігін өтейтін өзге құбылыстар қатарында тіл де жеке дара ұлттық сипаттармен бірге жалпыадамзаттық белгілерді бойына жинай дамитыны сөзсіз. Кез келген тілдің лингвистикалық ерекшеліктері мен өзіндік сөз саптауларынан басқа барлық дүние жүзі тілдерін біріктіретін ортақ көрсеткіштердің зерттеу нысанына айналуы да сондықтан болар. Тілдің пайда болуы, шығуы; тілдің табиғаты, қызметі, қоғамдағы орны; адамзат үшін маңызы сияқты мәселелердің әрқайсысы С. Аманжоловтың пікір-көзқарастарын дәлелдеумен қатар, оның лингвистикалық бағыт-бағдарын дәл айқындайды. «жер жүзі тілдері бірінсіз бірі адмымас та еді. Сондықтан да тілдердің өзара системасы, сатысы бөлек болғанымен, жалпы даму, баю жолдары бірыңғай болып келеді» деген тұжырым негізінде айқындалатын ғылым шартына орай, лингвистиканың екі түрлі бағытта дамып отыратындығын ескерген зерттеуші қазақ тіл білімінің өзекті әрі тың мәселелерін «тіл ғылымның» мақсат-міндетіне, маңызды тұжырымдары мен ұстанымдарына, ұғымдарына арқау етті. «Тілдің әрбір жаңа сатыға көшуі – оның бір кезеңді я бірнеше кезеңді аттауымен барабар. Осылай туып өсу, аттап отыру барлық тілге ортақ заң сияқты» деу арқылы С.Аманжолов тілдің табиғатын, оның функционалдық қызметін жалпы тілдік заңдылықтардың өзегіне айналдырды.

«Халықтық тіл тарихының да, әдеби тіл тарихының да қоғамның даму жолдарын білуде мәні орасан зор. Тіліміздің өзге тілдермен ортақ заңдылығын, оның өзіне ғана тән ішкі айырым елгілерін білсек, халық тарихын тануға да жол ашамыз» деген тұжырым негізінде ғалым тіл-халық-қоғам сынды үштік ұғымның ара салмағын танымдық принциптермен дәйектеді, өйткені ол тілді әрі «қоғамдық құбылыс», әрі «тарихи дүние» деп таныды. Осыған орай, тілтанымның екінші кезеңі төмендегідей екі теориялық тұжырымның ұштасуымен өзгешеленеді:

- тілдік құрылым – танымдық фактор
- тіл тарихы – таным сатысы.

Тілдің табиғи сипаты мен адамзат қоғамында атқарар қызметі лингвистиканың алдына жаңа мақсаттар қоюмен қатар, тілші ғалымдардың ізденістерін тың арнаға бағыттауға себепкер болды. Тілдік фактілер өзінің

ішкі потенциалымен бірге сырттан әсер етуші күштердің ықпалымен айқындалып, қоршаған әлем заңдылықтарымен тығыз қарым-қатынаста талдана бастады.

«Адамның рухани өнерінің ең құдіреттісі, өмірге ең қажеттісі – тіл. Рухани өнердің басқа түрлері сияқты тіл де адам қоғамының бірге шығып, сонымен бірге өзгеріп, дамып отырады» деп тілдің адамзат өміріндегі маңызын жоғары бағалаған тілші тіл ғылымы мәселелерін шешуде танымдық бірліктерді ұтымды да үйлесімді пайдалана білді. Сонымен тілдік қатынас – адамдарға тән ойлау мен сөйлесім үдерісінің белгілі бір қоғамдық қатынаста тіл арқылы жарыққа шыққан көрінісі болып табылады. Тілдік қатынастың басты ерекшелігі: ол – тек адамға ғана тән құбылыс, ол үздіксіз қозғалыста болатын қатынас құралы тілдің санамен бірлігі арқасында жүзеге асады.

Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің мән - парқын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек. Тек ұлттық сана жолында ғана ұлттық тіл табиғаты таза болып, тіл мәдениетінің мәртебесі биік болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Балақаев, М.** Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері / М. Балақаев. – Алматы : Қазақстан, 1965. – 186 б.
- 2 **Сыздық, Р.** Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Р. Сыздық // Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана : Елорда, 2001. – 230 б.
- 3 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы. «Ана тілі» 1992. – 443 б.
- 4 **Жұмабаев, М.** Педагогика. – Алматы, 1989. – 150 б.
- 5 **Кубрякова, Е. С.** Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М., 2004. – 506 с.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 20.08.13 редакцияға түсті.

А. Ф. Зейнулина

Некоторые психологические особенности национального мышления и культуры речи

Павлодарский государственный университет
имени С.Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 20.08.13.

A. F. Zeinulina

Some psychological peculiarities of national thinking and culture of speech

Pavlodar State University named after
S. Toraiyurov, Pavlodar.
Material received on 20.08.13.

В статье рассмотрены психологические аспекты единства формирования национального сознания и развития культуры языка.

The article is devoted to the psychological aspects of formation of national consciousness and development of the culture of language.

ӘОЖ 81`38

Б. М. Қадырова

ҚАЙТАЛАМАЛАРДЫҢ ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада дыбыстық және лексикалық қайталамалардың көркем шығармадағы стильдік қызметі қарастырылады.

Қайталамалар – тілімізде ертеден келе жатқан көркемдік тәсілдердің бірі. Көне дәуір ескерткіштері мен ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, бүгінгі ақын жазушыларымыздың еңбектеріне дейін зер салып қарасақ, қайталамалардың түр-түрін кездестіреміз. Өйткені қайталамалардың актив қолданылатын орны көркем шығарма. Қайталамалар көркем шығармада жиі қолданыла отырып түрлі стильдік және құрылымдық қызметтер атқарады. Қайталаманың көркемдеуіш тәсіл ретіндегі стильдік қызметі қаламгердің шеберлігі мен дара стиліне тығыз байланысты болып келеді. Жекелеген ақын-жазушылардың тілдік қолданыстары зерттелген ғылыми жұмыстарда қаламгердің өзіндік мәнерін танытатын тәсіл ретінде оған жиі назар аударылады. Ә. Кекілбаев,

М. Мағауин, Ө. Бөкей прозасының тілдік-стильдік қырларына назар аударған Р.Сыздық көркем мәтіндегі қайталамалардың типтерін іздестірген зертеуші болса Ө. Кекілбаевтың бір ғана «Үркерінен» оның не бір түрлерінен табуға болатындығын және қайталама тәсілін М. Мағауин де қолданғанын, бірақ оның көрінісі Ө. Кекілбаевтағыдан өзгеше болып келетіндігін айтады. Сонымен қатар стильдік жүк артып бір элементті қайталап отыруды О. Бөкей тіл өрнегінің бір көрнеу белгісі ретінде көрсетеді [1].

Көркем мәтіндердегі стилистикалық бояу тіл қабаттарының қатысуымен жасалады. Сөздегі жеке дыбыстардың да стильдік қызметіне ерекше тоқталуға болады. Дыбыстық қайталамалардың стильдік қызметі туралы біршама ғылыми зерттеулер жазылды. Қайталама туралы жазылған орыс және қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде сөздің әсерлі болып келуіндегі жеке дыбыстар үндестігінің маңыздылығы айтылады. Яғни, дыбыстық қайталамалардың ерекшелігі көрсетіледі. Дыбыстық қайталамалар, дыбыстардың сөз мағынасын берудегі маңыздылығы, көркем шығармадағы стилистикалық ерекшеліктері туралы жазылған Л. В. Шерба, В. В. Виноградов, Ю. Т. Лотман еңбектерін айтуымызға болады. Көркем туындыдағы дыбыстар маңыздылығы туралы В. И. Жирмунский: «... звуки языка не безразличны для поэта. Это не пустое место в художественном произведении, не беспорядочные шумы, сопровождающие течение поэтических образов, а существенные средства художественной выразительности» – десе, [2.28] А.Блок өлеңдерінің көркемдік келбетін ашып, дыбыстық құрамына талдау жасаған О. М. Брик «дыбыстық қайталаманы» тек дауыссыз дыбыстардың қайталануы тұрғысынан сипаттайды: «Сущность повтора заключается в том, что некоторые группы согласных повторяются один или несколько раз, в той или иной последовательности с различным составом сопутствующих гласных» [3.60]. Академик Р. Сыздық дыбыстық қайталамаға аллитерация мен ассонансқа қоса түбірлес сөздердің қайталануын да жатқызады. Олардың көркем шығармадағы әсіресе, өлең түріндегі үндестік тудырушы қызметіне баса тоқталады. Ал дыбыстардың прозалық мәтіндегі поэтикалық қызметін қарастырған Ж. А. Исаева дыбыстық құрылымның проза тіліндегі контекстік әуезділігі жазушы көздеген белгілі бір стильдік мақсатпен ұйымдастырылған көркемдік құралдардың бірі екенін айта келіп, жеке лексемалардағы дыбыстық қайталаулар мен ырғақты сөз орамдар жазушы сомдар образдар суретін қанықтыра түсер, жеке тұлғалық ерекшеліктерін аша түсетін фоно-стилистикалық тәсіл болып саналатынын айтады [4.77]. Лингвистикадағы фоностилистикалық қайталамалардың стильдік қызметі туралы жазылған зерттеу еңбектеріне шолу жасай келе түйгеніміз:

- а) дыбыстық қайталаманың қайталама түрлерінің бірі екендігі;
- ә) стилистикалық тәсіл ретіндегі қолданылу аясының кеңдігі, яғни поэзияда ғана емес, прозалық мәтіндерде де жиі қолданылып әуезділік

тудыратындығы. Бұған көркем шығармалар тілін қарастырғанда да көз жеткіздік. Жазушылық таланты жоғары қаламгерлер дыбыстық қайталамалардың ассонанс, аллитерация, паронимикалық аттракция, ұйқас, ырғақ сияқты түрлерін қалт жібермеген. Мысалы:

Тайғақ тағдырдың таяғына туралаған халық (О. Б. 540), дүниені құртып та, құлпыртып та жібере алады (О. Б. 403), туырлықтай жерге таласып, туысынан ат құйрығын кесіскендер (О. Б. 407), жұрағаттан айрылып жұтағандай боп (О. Б. 407), күйеуінің қаһарынан қаймыққан Қаршыға (Д. И. 393), сипай соққан салқын леп (С.М. 224), кекесінді кескінмен күйеуіне көрін төгіп алды (С. М. 231), шашыранды шыныдай шашырап ұшады (С. М. 238) деген бейнелі тіркестер аллитерацияға құрылған болса, ай астына алтыбақан құрып (О. Б. 377), ағайынмен алысқанша, алысқа кетіп абыройыңды сақтағаның жөн (О. Б. 408), әжім әдіптеген көз (О. Б. 408), ашандау ақсұба жүз (С. М. 273) сияқты тіркестер ассонанс түзей жасалған. Кейде көркем прозада дыбыс үйлесімі мен ырғақты жалаң қудалаудың салдарынан ойдың олқыланып қалатыны болады. Ал біз сөз етіп отырған қаламгерлердің жалаң дыбыс үндестігін қуа бермей, мағына үйлесімі мен мазмұн жарасымына мән бергендіктері көрінеді. Бұл жазушы шеберлігін танытады.

Бір түбірден өрбіген сөздер лингвистикада паронимикалық аттракция құрады. «Паронимия (грек. *para* – қасындағы және *onoma* – есім) – семантикалық ерекшеліктері бар (толық не жартылай) сөздердің (паронимдердің) дыбыстық ұқсастығы» [5.62]. Паронимикалық аттракция сөйлем сазын келтіру, айтылмақ ойға екпін түсіру, жазушының көңіл-күйін білдіру сияқты стильдік қызметтер атқарады.

Қараша үй де, қара көк аспан да, қарауытқан тау мен қара барқын орман да – бәрі-бәрі бір сәт ұйықтап кетеді (О.Б. 316).

Бір түбірден өрбіген сөздерді қайталай қолдану арқылы ой екпінін сөйлем түбіріне түсірген. Қара сөзіне ерекше мән бере отырып қайталау көңілсіз жайды аңғартады. Шылаулардың әр түбірлес сөзді тіркестерден кейін қайталанып келуі де екпін түсіруге септігін тигізген.

Осыған дейін әдебиеттану ғылымының ауқымында қарастырылып келген ырғақ пен ұйқасты О.Бүркітов қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесіне жатқызып, дыбыстық қайталама түрлері ретінде қарастырады. Ырғақ жалпылық сипатқа ие болатын қайталама түрі болса, ұйқас - өлең мәтіндерінің соңында бірнеше жақын немесе бірдей дыбыстардың қайталануы [6.276]. Көркем проза ырғағы туралы проф. Б. Шалабай: «Проза ырғағы эмоциональдық әсер күші жағынан өлең ырғағынан басым түсіп жатады. Жалпы, сөйлеу бөліктерінің қай-қайсысы болса да белгілі ырғақсыз құрылмайтыны белгілі. Ырғақты құрылым мазмұнды жүйелі, әсерлі еткізіп және дәл солай қабылдауға көмектеседі» [7.59]. Ырғаққа құралған Оралхан прозасы туралы да осыны айтуға болады:

Ауыл деген немене, әсіресе мен үшін, жүз жылда да өзгермейтін баз қалпы, әлденеге асығыс, әлденеге ашулы, торсаң-торсаң желісте маз қалпы (О.Б. 248).

Мұздай болса да,

Махаббат костеріне күйеді айтыңыз”,

- дегізіп, қазақ жастарының басында ұлттық намыстың жоқтығын, болашақта шұбар тілділер жаппай өріс алып кетуі мүмкін-ау деп ишарамен береді. Жалпы, кейіпкерлерінің аузына бірыңғай орысша акцентпен бергізе берушілік пьесаның көркемдік құнын жоятыны ақиқат.

Пьеса авторы орыс тіліндегі сөздерді қазақшалап айтқызғанда көбіне комедиялық шығармаларының тілінде қолданады. Себебі, ондай сөздер (татар, орыс т.б.) комедияда күлкі тудыратын элементтерге көмекші қызмет етеді. Мысалы: “милитса”, “слышайс”, “нашандігің”, “бұғалтыр”, “описер” т.б.

Қазақ драматургтері пьесадағы кейіпкерлерінің есімін бұрып, басқа тілде алулары - негізінен комедиялық шығармаларға тән процесс. Мысалы, Т.Ахтановтың “Күшік күйеу” атты комедиясындағы Ботка, Тюренчик, Кубиктер және Д.Исабековтың “Әпке” драмасында кейіпкерлерінің есімдерін қысқартып алу кездеседі. Мысалы: Кәмила –Кама, Омар – Ом, Темірбек – Тим, Назила –Наз т.б. соның айғағы.

С.Жүнісов пьесаларында кейіпкерлерінің есімдерін орыс тіліне икемдеп, қысқартып айтқызуы сирек. Атап айтсақ: Молик, Едик, Ашот, Лис. Автор пьесаларының тілдік материалдарымен танысу барысында, автордың өзіндік ерекшелік белгісін көрсететін сөздерді жиі ұшыраттық. Мысалы: “жапандағы жалғыз үй”, “жапан түз”, “жапанда зар қақсап” т.б. осындай сөздер драматургтің шығармаларынан көрініс беріп, стильдік, көркемдік жағынан пьесалардың шоқтығын көтеріп тұр. Мысалы. “Жапандағы жалғыз үйде жалғызсырап, дәрменсіз шошайып қалғаннан өткен мазак жоқ” [“Қос анар”], “Жиырма жылдан астам жапан түзде жалғыздық тауқыметін тарттым” [“Қос анар”], “Жапан түзде, жалғыз үйде тұрып еді ғаріп кемпір, жетім қыз” [“Ажар мен ажал”], “...тірідей торға қамап қойған жетім торғайша күн

ұзақ үйде жападан-жалғыз отыратынмын” [“Қызым, саған айтам...”], “Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырды” [“Ажар мен ажал”], “... айбат шегіп, ырылдап, айдалада жападан жалғыз ұлып өтпесе...” [“Кемеңгерлер мен көлеңкелер”], т.б. бірнеше мысалдарды келтіруге болады. Драматургтің сөйлем құрау шеберлігі де ерекше сипатта, яғни сөздің нәрлі реңімен беріп отырады. Мысалы: “Дү й с ен. Бүгінде қорасы толған мал, тасы өрге домалап, мұрнынан құрты түсіп тұрған әлгі, и-и, Әукен ғой қолайлысы” [“Ажар мен ажал”],- десе, Соқыр кемпір аузымен сөздің аянышты, эмоциональді-экспрессивті реңімен беріп отыратын кездері де бар.

С о қ ы р к е м п і р. Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек егермін” [“Ажар мен ажал”].

Драмалық шығармалар тілінің эмоциональді-экспрессивті лексикасын арнайы зерттеуші Х.Нұрмұқанов: “...драмалық шығармаларда сөздер, сөз тіркесі мен сөйлемдер эмоциональді-экспрессивті не экспрессивті ыңғайда көп жұмсалады” [11,25], – дейді.

Драмалық шығарма диалогы турасында филология ғылымында зерттеуші-ғалымдардың пікірлері бір шама. М.Горкий: “Сочиня роман писатель пользуется двумя приемами: диалогом и описаниям. Драматург пользуется только диалогом. Он так сказать, работает голым словом...” [12,7], – дейді. Ғалым Б.Майтанов: “Драмада диалог теңдесі жоқ қажеттіліктен туса, прозада оны түрлі авторлық баяндау тәсілдерімен алмастыруға болар еді. Драмадағы диалог адамдар ойы мен сезімінің мәңгі қозғалысы, өмір символы іспетті [13,244], – деп, Р.Рүстембекова: “Драматургияда негізгі құрал – диалогтың әсерлі, орынды, ықшам болуының зор маңызы бар екені белгілі. Әр кейіпкер сөзінен оның жеке өзіне тән ерекшелігі, мінезі пьесада көрініп тұруы шарт” [14,18], – дегендеріне Е.Жақыпов: “Пьесаға қажетті компоненттердің ішінде ең бастыларының бірі ширыққан сюжет, шымыр композиция жасау. Бұл пьесаның құрылысы болса, іші - әрекет пен диалог [15,134], – деген пікірлерден драма диалогының тереңдігін, сан алуан қырынан танымыз.

Драмалық шығармадағы негізгі қолданылатын құрал – диалог. Драмалық шығармадағы диалогтың басты қызметтерінің бірі–адам бейнесін жасау болып табылады.

Суреткердің диалог құра білу өнерінің жоғары деңгейлігін аңғартады. Біріншіден, астарлы, қалжыңы өткір, күлкі тудыратын элементтерге толы болса, екіншіден, терең философиялы, қаһармандар қактығысы, персонаждар мінез-құлқы, қарама-қарсы кейіпкерлер жауаптасуы кезіндегі диалогты көруге болады. Драмалық шығармалар тілінің эмоциональді-экспрессивті лексикасын арнайы зерттеуші Х.Нұрмұқанов: “...драмалық шығармаларда сөздер, сөз тіркесі мен сөйлемдер эмоциональді-экспрессивті не экспрессивті ыңғайда көп жұмсалады” [11,25], – дейді.

Суреткердің драмалық шығармалары тілінің бейнелілігі, көркемдік, стильдік ерекшелігі турасында айтылған пікірлер аз. Мысалы: “Ажар мен ажал” драмасындағы орталық қаһарман “А ж а р д ы ң (Атанға). ... Ұятсыз, арсыз еркектің құны – қара бақыр. Ал мен, сенің қасыңа отыруға да жиренемін. Әттең, сол күні өлу қолымнан келмеді. Жазықсыз сәбидің көрешегі бар шығар. Енді тірі жетімді шырылдатып, көкпарға салған лактай созбайлауларың ғана қалды ма. Жетті қолжаулық қылуларың” [“Ажар мен ажал”],- деген мына ашынған тілінен Ажардың қандай кейіпкер екенін болжауға болады. Немесе “Қызым, саған айтам...” пьесасындағы Р а з и я. Мен сендерді еш жазғыра алмаймын, жазықты өзім. Ойнақтап жүріп от бастым. Міне, мен сот алдында, бар жұртшылық алдында сен кінәлі атанбасын деп бәрін ақтардым. Кеш мені.” [“Қызым, саған айтам...”], сол сияқты “Жаралы гүлдер” пьесасындағы Б а т т а л д ы ң . Мен бе бөтен адам. Сонда менің шығып тұруым керек болды ғой. Вот тебе на! Менің кім екенімді білесің бе өзің? Ә, әлі танымайды екенсің ғой. Мен Батталмын. Комендантпын. Ісім сендермен болсын.” [“Жаралы гүлдер”],- дегендерінен кейіпкер табиғатын тануға тұрады.

Автордың драмалық шығармаларында кейіпкерлерінің ұлттық колоритін сақтау үшін ой-өресі, білім-дәрежесі, ұлтына қарап (орыс, татар т.б.) немесе әр кейіпкерлерінің ерекшелік белгісін айқындау үшін тіліне, дініне, табиғатына толық ене отырып, туындыларының көркемдігін, бейнелілігін арттырады. Драматург әр туындысын бейнелі, айшықты, оралымды, соны көркемдік өрнектермен құлпыртып отырады. Мысалы: “Қысылғаннан қыз болдык” атты музыкалық-комедиясындағы ұлты татар С ә н и я н ы өз тілінде татаршалатып. Ғадетләнбәсін дисәгіз, балалар бахшасын нигә ашмисыздар. Бахша ашылми деп, пәрзәнт кутәрмәйміз ба? Иари онда...”, “Ажар мен ажал” драмасындағы патша офицерінің. Я уж несколько раз слышу из твоих уст о какой-то справедливости. Давай навсегда покончим разговор об этой ненужной вещи. Кстати, она не нужна для этой степи, для степных табунов, бичь – вот тебе справедливости! Понял?!” - дегендері ұлттық бояуда табиғи болып шығады.

Сонымен қатар жанды-жансыз қуыршақтарға арналған “Жығылып-сүрініп, өліп-өшіп” атты қалжың комедияда қала баласы, орыс тілді болып кеткен Моликтің аузына бірыңғай қазақ сөздерін бұрмалатып, акцентпен беріп отырады. Мысалы:

М о л и к. “Өзім таныңқырамайды, көзім таныңқырайды”, “Сіз мен сүйеді айтыңыз”. Мұздай болса да, Махаббат костеріне күйеді айтыңыз”, – дегізіп, кеңес дәуірінде өзге ұлттың ықпалында, намыстың жоқтығын, болашақта шұбар тілділер жаппай өріс алып кетуі мүмкін–ау деп ишарамен береді. Жалпы, кейіпкерлерінің аузына бірыңғай орысша акцентпен бергізе берушілік пьесаның көркемдік құнын жоюыны ақиқат.

Пьеса авторы орыс тіліндегі сөздерді қазақшалатып айтқызығанда көбіне комедиялық шығармаларының тілінде қолданады. Себебі, ондай сөздер (татар, орыс т.б.) комедияда күлкі тудыратын элементтерге көмекші қызмет етеді. Мысалы: “милитса”, “слышаис”, “нашандігің”, “бұғалтыр”, “описер” т.б.

Қазақ драматургтері пьесадағы кейіпкерлерінің есімін бұрып, басқа тілде алулары - негізінен комедиялық шығармаларға тән процесс. Мысалы, Т.Ахтановтың “Күшік күйеу” атты комедиясындағы Ботка, Тюренчик, Кубиктер және Д.Исабековтың “Әпке” драмасында кейіпкерлерінің есімдерін қысқартып алу кездеседі. Мысалы: Кәмила – Кама, Омар – Ом, Темірбек – Тим, Назила – Наз т.б. соның айғағы.

С.Жүнісов пьесаларында кейіпкерлерінің есімдерін орыс тіліне икемдеп, қысқартып айтқызуы сирек. Атап айтсақ: Молик, Едик, Ашот, Лис. Автор пьесаларының тілдік материалдарымен танысу барысында, автордың өзіндік ерекшелік белгісін көрсететін сөздерді жиі ұшыраттық. Мысалы: “жапандағы жалғыз үй”, ”жапан түз”, ”жапанда зар қақсап” т.б. осындай сөздер драматургтің шығармаларынан көрініс беріп, стильдік, көркемдік жағынан пьесалардың шоқтығын көтеріп тұр. Мысалы. “Жапандағы жалғыз үйде жалғызсырап, дәрменсіз шошайып қалғаннан өткен мазақ жоқ” [“Қос анар”], “Жиырма жылдан астам жапан түзде жалғыздық тауқыметін тарттым” [“Қос анар”], “Жапан түзде, жалғыз үйде тұрып еді ғаріп кемпір, жетім қыз” [“Ажар мен ажал”], ”...тірідей торға қамап қойған жетім торғайша күн ұзақ үйде жападан-жалғыз отыратынмын” [“Қызым, саған айтам...”], ”Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырды” [“Ажар мен ажал”], “...айбат шегіп, ырылдап, айдалада жападан жалғыз ұлып өтпесе...” [“Кемеңгерлер мен көлеңкелер”], т.б. бірнеше мысалдарды келтіруге болады.

Драматургтің сөйлем құрау шеберлігі де ерекше сипатта, яғни сөздің нәрлі реңімен беріп отырады. Мысалы: “Д ү й с ен. Бүгінде қорасы толған мал, тасы өрге домалап, мұрнынан құрты түсіп тұрған әлгі, и-и, Әукен ғой қолайлысы” [“Ажар мен ажал”],- десе, Соқыр кемпір аузымен сөздің аянышты, эмоциональді-экспрессивті реңімен беріп отыратын кездері де бар.

С о қ ы р к е м п і р. Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін” [“Ажар мен ажал”].

Суреткердің диалог құра білу өнерінің жоғары деңгейлігін аңғартады. Біріншіден, астарлы, қалжыңы өткір, күлкі тудыратын элементтерге толы болса, екіншіден, терең философиялы, қаһармандар қақтығысы, персонаждар мінез-құлқы, қарама-қарсы кейіпкерлер жауаптасуы кезіндегі диалогты көруге болады.

Жауаптасу кезінде кейіпкерлерінің әр сөздерінен адамның өмірін, бейнесін, әрекет сол кезең дәуірі толығымен елестейді. “Қос анар” пьеса-

инсценировкасында Қарасай мен оның құдасы Мұқаттың арасындағы диалогтерден кейіпкер тілінің ерекшелігін көреміз. Қарасайды құдасы Мұқат сөзбен кемітсе, Қарасай Мұқатты “алаяқ, қу” деп табалайды...

Мысалды, біріншіден, к е к е с і н д и а л о г қ а келтіреміз:

“С ы ғ а н а қ. Сәбе, Сәке, анада газетте шыққан Әуезовтың пьесасын оқыдыңыз ба?

С ә б и т. Дос – бедел досты” ма? Оқыдым. Иә?

С ы ғ а н а қ. Жәй әшейін, пікіріңізді білейін дегенім ғой.

С ә б и т. -Не, менен емтихан алайын деп пе едің?

С ы ғ а н а қ. -Жоға, академиктен жаман кандидат емтихан алушы ма еді? - Иә, басқаларды түсінесіз, ал Әуезовті әлі күнге дейін түсінбейсіз. Ол пьесасында сіздің бейненізді, академик Мұқановтың образын ондырмай беріпті” С ә б и т. Не дейді?! Қой, ондай ештеме сезілмеп еді ғой” [Кемеңгерлер мен көлеңкелер] немесе,

Екіншіден, а с т а р л ы д и а л о г көрінісі: Мысалы: ...

Үшіншіден, д ә р м е н с і з д и а л о г көрінісі:

Бұл диалог түрі-Мұхтар Әуезов пен кафедраның хатшысы Дәмелі арасында өрбиді. Мысалы: Д ә м е л і...Сізге енді...ҚазГУ-де лекция оқуға рұқсат жоқ...!

М ұ х т а р. Рұқса-ағ?! Пәлі, неге? Кім менің азаматтық хақыма қол сұғушы? Кім ол? Менің арым таза. Менің ұстаздық стажым да, ғылыми атағым да, білім деңгейім де лекция оқуға еш күмән келтірмейді.

Д ә м е л і. Сіз,...естіген жоқсыз ба? Кеше ... Е.Ысмайыловты, Қ.Жұмалиевті, Е.Бекмахановты қамауға алып кетіпті...» [“Кемеңгерлер мен көлеңкелер”].

Төртіншіден, ү й қ а с қ а құрылған диалог көрінісі:

М о л и к. Сіз олай мазақ етпеңіз, Сөз шетіне жетпеңіз,

Ж ұ м а ш. Оу, ол неғылған шет, неғылған мазақ?!

М о л и к. Әрине, ауыл қызын алу – Бізге, как говорится, азап .

Ж ұ м а ш. Қы – ыз?.

М о л и к. Иә, қыз. Әрине, кемпір емес, бір қыз.

Бесіншіден, д и а л о г - т а р т ы с көрінісі:

А ж а р. Жұматай!

Ж ұ м а т а й. Дәл таныдың, Жұматаймын. Өзің өлтірген Атанның ұлы Жұматаймын. Иманыңды айта бер!

А ж а р. Жоқ, иман айта келгем жоқ. Дәтім бар айтар”

Ж ұ м а т а й. Айт, тез ! [“Ажар мен ажал”]

Қ а р а к ө з і л д і р і к т і. Сен әлі де қоймадың ба?

М ұ х т а р. - Ойлашы өзің...

Қ а р а к ө з і л д і р і к т і. - Мен түк те ойламаймын. Ойлауға тиісті емеспін.

М ұ х т а р. -Сен де өзіндік ақыл-ойы бар адам емеспісің?

Қ а р а қ о з і л д і р і к т і. Мен - қызметкермін.

М ұ х т а р.-Егер қоғамдағы бар қызметкер осылай жұмыс атқарса, жетіскен екенбіз”. [“Кемеңгерлер мен көлеңкелер”]

Бұрынғы Жамбыл мен Кейінгі Жамбылдың диалогы – ескі мен жаңаның айтыс-тартысына құрылған. Бұл жерде классик ақын С.Торайғыровтың “Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны” атты диалогқа құрылған дастанымен жүйелес екенін байқауға болады. Мысалы: Алтыншыдан, д и а л о г – ю м о р:

Монолог - кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашуда қызметі зор көркемдік құрал. Прозадағы монолог пен драмадағы монологтың айырмашылығы бары белгілі. Орыс филологиясының ғалымдары Г.Винокур монологтың 3 [үш] түрін [таза драмалық, эпикалық сипатты, лирикалық], ал, В.Виноградов 4 түрін [сендірмелі реңктегі, шешендік сөздің жұпыны формасындағы, лирикалық, драмалық, хабарлаушы сипаттағы] деп ажыратады.

Драмалық туындыдағы монолог – пьесаға қатысушы орталық қаһармандарының ішкі-сыртқы жағдайынан хабар бергізетін, кейіпкерлерді толғанту амалы. Сахнадағы монолог көпшілік алдында орындалады, бірақ жанындағы кейіпкер естімегендей жауап қатпайды. Кейіпкерлері өзді-өзімен толғанып күй кешеді. Монолог - үлкен мағына беретін амалдардың бірі, кейіпкерді сөйлету тәсілі.

С. Жүнісов “Ажар мен ажал” инсценировка-пьесасындағы басты кейіпкерлері - дәрменсіз Соқыр кемпірдің, қайсар әйел Ажардың, ынжық Бөпіштің және “Қызым, саған айтам...” драмасындағы әкелі-балалы Жәкудә мен Шарипаның ішкі-ойтолғақтарынан кейіпкерлерінің жан-дүниесін, табиғатын танытады. Мысалы: “С о қ ы р к е м п і р (зират басына келіп). О, боздақтарым, жатырсындар ма. Мен де келдім сендерге, қастарыңнан орын бер. Кінәлімін алдарыңда. Кешіріңдер. Кешу сұраймын, жапан түзде қалған мүсәпір екі жетімек едік. Қозымнан айырылдым. Сақтай алмадым. Кешіріңдер. Сорлы басым өзім едім шыға ғой деген. Кешіріңдер қайтейін. Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырды. Енді сендермен мұңдасып, сендерге шағынбасам, зарымды тыңдар, қарманар ешкімім қалмады. Не деген ит жанды жансебіл едім сүйегімді сүйретіп тірі жүрген. Келдім өздеріңе. Тым құрмаса бір арада жатайық. Ал, тәңірім, ең соңғы тілегімді бере гөр, мен де жер жастанайын, бере гөр тілегімді” [“Ажар мен ажал”],-деп зарланғаны монологтың шешендік үлгісінде болып шыққан.

Б ө п і ш (жалғыз). Сен үшін. Не аяйын. Өттең қолым қысқа, қайтейін. Қырқа матап беретін малың болмаған соң, көрген күн осы. Менің жасымдағы байлардың екіден, үштен әйелдері, қаншама үрім-бұтағы бар. Шіркін-ай, әрқайсысына ара қонып, шалжи-е-еп жатады-ау олар... (ойланып). Әй, бірақ қойшы, шын еміреніп сүймеген соң, несі қызық. Ажаржанның бір өзі ғой он әйелге бергісіз. Өттең, қолыма түссе, өле-өлгенше алақаным салып, мәпелеп өтер ем-ау” [“Ажар мен ажал”].

Сәкен Жүнісов Ажар монологын ақ өлең үлгісімен де келтіруді мақсат еткенін көреміз. Мысалы: А ж а р. Қаны қара адам келіп, зұлымдықпен сәби тәнін жаралап, арына өшпес дақ салды. Кәрі емендей күні біткен ғазиз ана - қарт ана жауыздыққа шыдай алмай морт сынды. Тал шыбықтай майысқан қыз қайысса да сұмдықтан, кінәсіз жас нәрестені періштедей жебеді де өмірі, жеңді ажалды, тірі қалып он бесінде ана болды, қос түйіншек, қос анарға ақ бітіп, ақ сүтімен жетілдірді перзентін. Жетім жүрді, жесір жүрді, көлденеңге алабұртпай көңілі талай жылдар арқаға сап асырады перзентін” [“Ажар мен ажал”].

Ақ өлең – поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалардың табиғатына тән құбылыс, түр. А.Ысмақова: “Ақ өлең – яғни, тармақтардың соңындағы сөздердің дыбыстық тұрғыда үйлеспеуі, қабыспауы, ұйқастың белгісіз қалыпта [“ақ” күйінде қалуы] бұл өлең үлгісін “ақ өлең” атауға себеп болған. Әуелде драмалық, эпикалық жанрларда пайдаланылған ақ өлең, У.Шекспирдің, Дж.Мильтонның туындылары, кейіннен романтикалық эллегияның, лирикалық еркін өлеңнің өлшеміне айналады. А.С.Пушкин “Борис Годунов”, “Кішкентай трагедиялар” сынды драмалық шығармаларында ақ өлең формасын пайдаланды” [16,36], – дейді. Ғалым С.Негимов: “Қара сөзді ақ өлең үлгісіне салып, тақпақтатып, түйдектете, шешендікпен төгілту - қаһарманның басына іс түскен сәтте, шын қысылған кезінде ағытылатын табиғи қалыпты жағдай” [17,208], – деп айтқанына қосылу орынды. Себебі бұрынғы өткен замандарда би-шешендер ел басқару, дау айту, өнеге көрсету, т.б. қоғамдық істерінде қара сөзді қарша боратып, төгілтіп отырған.

Ә.Тәжібаев: “Драманың алдымен поэзия болуы қажет екенін өмір көрсетіп келеді. Антикалық классиктерден бастап Шекспир, Мольер, Гете, Шиллер, Пушкин, Грибоедов, Маяковскилерге дейін драмалық шығармалардың өлеңмен жазылу керектігін әбден растаған сияқты. Европалық классик драматургтердің ақ өлеңмен жазылған трагедиялары сияқты өзіміздің ұлттық-қазақ трагедияларын жазуымызға өлеңдік әдемі түрді тағы да халық поэзиясы берді” [18,47], – дегенінен де ақ өлеңнің драмалық шығармалардағы салмағы айқындала түседі. Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Т.Ахтанов, С.Жүнісовтер өз бастарын ешқашан да ақынбыз деп атамағанмен прозалық шығармаларында, пьесаларында ақ өлең үлгісі, ырғағы, әуені, ұйқасқа құрылуы ерекше.

М.Әуезовтің “Айман-Шолпан”, “Бекет” туындылары, Ғ.Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, Ақан сері - Ақтоқты” трагедиялары негізінен ақ өлең үлгісімен жазылған. С.Жүнісов пьесаларында ақ өлең формасына салу, ырғақ түзу, ұйқасқа құру, шешендікпен төгілту, тақпақтата жөнелту орнымен, қисынды жерінде кездесіп отырады. Мысалы: “... түйедей бақырып//, аруағын шақырып//, он екі терін төгіп//,..”, “қол ұстасқан,// жүрек қосқан,// білек қосқан.//” [“Қызым, саған айтам...”] т.б... жолдар келтіруге болады.

“Қызым, саған айтам...” драмасындағы басты бейнелердің бірі – сауыққой Құмардың шалқып-тасып, қыз-қырқындарға шығарған “Балтыр” атты сықақ өлеңі немесе жанды-жансыз қуыршақтарға арналған “Жығылып-сүрініп, өліп-өшіп” атты екі актілі қалжың комедиясы ақ өлең түрінде, поэзиялық тілге біткен деуге толық негіз бар. Осы жерде М.Дүйсенов: “Болмысында прозаик, драматург жазушылар драматургияларында поэзияның қажеттігін жақсы таныды да, лирикалық сезімдерді шебер бере алады” [19, 25], – деп дұрыс шешім жасайды.

Қазақ драматургиясында М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Т. Ахтанов т.б. проза жанрынан бастап шығармашылықтарын ұштаса, С.Жүнісов те осы топтың соңын жалғастырушы. Прозашы-драматург пен ақын-драматургтің айырмашылығы бары белгілі. Прозашы-драматургтің драма жанрындағы кейбір критерилерге ерте төселетіні, диалог-монолог құруға, оқиғасын тартысты, шиеленісті етіп драма жанрына сай келтіруге бір табан жақын болады.

Сәкен Жүнісовтың драмалық шығармаларында шешендік өнердің өрнектері орынды қолданыс тапқан. Ғалым С.Негимов: “Шешендік өнер көркем әдебиеттің көсегесінің көгеруіне қызмет ететіні белгілі. Ағылшынның ұлы драматургі Шекспир трагедияларындағы антик дәуірдің қайраткерлері ежелгі риториканың өкілдері болып саналады” [20, 13-141-136], – дейді. Филолог ғалым М.Серғалиев: “Қайталамалардың қызметі әр түрлі болып келеді. Олар-қайталап сұрау, қарсылық білдіру, бір жағдайға көңіл бөлгізу, т.б. секілді қызмет атқарады. Ремаркадағы қайталама – кейіпкердің ішкі жан дүниесінің ерекше бір хабары түрінде болып келеді” [21,5], – деген пікірі орынды. Мысалы: С о қ ы р к е м п і р. О, жасаған, мынау тағы зарлады, зарла, зарла. Сен түзде зарла, мен үйде зарлайын. Аңырайық екеуіміз қосылып”, – дегені мысал бола алады. Теңеудің де сирек түрлері кездеседі. Мысалы: “Енді, міне, сабынның алқындысындай тозған адаммын”.

Суреткер драматургиясының көркемдік салмағын тереңдетіп тұратын басты қасиеттерінің бірі – тілінің поэзиялық қасиетінде. Кейіпкерлерінің психологиялық хал-күйіне сәтті үйлесім тауып, құлпыртып, өлең өлкесінде жүздіртеді. Мысалы: Қ ұ м а р. //Ақ боранда// қой орнында, // садақ мойын ақ Аққуым, // салып жүрсе ән гәккуін, // түсер едім, // кетер едім //жалғыз соның соңында. //Сонда Аққу үлбіреген ақ төсімен аймалап, // қанатымен желбіреген құшақтап, // асылар ма ед темір төске, // мойныма//. Ақ боранда// талмай, шіркін//, шүберекке түйіп жанды//, о дариға//, аққуымның түсер едім соңына// ! Өліп кетсем//, мүрдем кетсем//, арманым жоқ ақ құсымның жолында// ! [“Қызым, саған айтам...”], – деп шалқып, тасиды.

Суреткер тілінің шеберлігін айтқанда драмалық және прозалық шығармаларының тілін ажыратып айтудың қажеті жоқ екені ақиқат. Тіл – драмалық шығарманың басты қасиетін танытатын құрал.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов, М. Уақыт және әдебиет. – А., 1962.
- 2 Қабдолов, З. Сөз өнері. – А., 1992.
- 3 Нұрғалиев, Р. Айдын. – А., 1985.
- 4 Мәшһүр-Жүсіпов, Қ. П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – П., 1999.
- 5 Лессинг, Г. Гамбургская драматургия. –М.-Л.–1936; Горбунова Е. Идеи. Конфликты. Характеры. – Москва, 1960; Громова М. Русская драматургия XX века. – М., 2006.
- 6 Бялик, Б. М. Горький – драматург. – М., 1977.
- 7 Нұрғалиев, Р. Күретау. – А., 1973.
- 8 Серғалиев, М. Көркем әдебиет тілі. – А., 1995.
- 9 Дүйсенов, М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі. – А., 1977.
- 10 Кәрімов, Х. Қанатты тіл. – А., 1994.
- 11 Нұрмұқанов, Х. М.Әуезов драмалық шығармаларындағы экспрессивті-эмоциональді лексика. Канд.дисс. А., 1969.
- 12 Бялик, Б. М. Горький – драматург. – М., 1958.
- 13 Майтанов, Б. Қазақ романының поэтикасы. – А., 1995.
- 14 Рүстембекова, Р. Қазақ комедиясы. – А., 1978.
- 15 Жақыпов, Е. Дастаннан драмаға. –А., 1979.
- 16 Исмақова, А. Қазақ романының психологизмі. – А., 2004.
- 17 Негимов, С. Өлең өрімі. – А., 1980.
- 18 Тәжібаев, Ә. Қазақ драматургиясының тууы, қалыптасуы. – А., 1971.
- 19 Дүйсенов, М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі. – А., 1977.
- 20 Негимов, С. Шешендік өнер. –А., 1997.
- 21 Серғалиев, М. Көркем әдебиет тілі. – А., 1995.

*Ш. Уәлиханов атындағы

Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.;

**С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 22.08.13 редакцияға түсті.

А. К. Шапауов*, Н. К. Жусупов**

Художественное мастерство в драматургии

*Кокшетауский государственный университет
имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау;

**Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 22.08.13.

A. K. Shapauov*, N. K. Zhusupov**

Artistic skills in drama

*Kokshetau State University named
after Sh.Ualikhanov, Kokshetau;

**Pavlodar State University named
after S.Toraigyrov, Pavlodar.

Material received on 22.08.13.

В статье исследуется художественное мастерство в драматургии.

The article investigates the artistic skills in drama.

ӨОЖ 822. 151. 212.2

Б. Ә. Ысқақ

Ш. ҚҰМАРОВА ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ ТАБИҒАТЫ («КЕЛІН БОП ТҮСКЕН ЖЫЛЫ» ӘҢГІМЕСІ БОЙЫНША)

Мақалада Шәрбану Құмарованың әңгімесі талданып, жазушының жаңа көркемдік ізденістері туралы сөз болады.

Әрбір көркем әңгіме тақырыбы белгілі бір кезеңнің, әрі белгілі бір оқиғаның желісіне негізделетіні белгілі. Жазушының көркем әңгімесі кейіпкер әлеміне үңілсе, оның тағдыры арқылы замандастарымыз өз жан дүниесіне үңіле түсетіні түсінікті. Әңгіме кейіпкерлерінің мінез-құлқы, олардың жан тебіренісі, көңіл-күйі, қуаныш-қайғысы шығарманы қолына алып отырған оқырман көңіл-күйіне дөп келген жағдайда ерекше әсерленеді, «шығарманы беріле оқуға» ынталандырады.

Ғалым Б. Майтанов «Қазақ романы және психологиялық талдау» атты еңбегінде былай дейді: «Көркем өнер, әрине, – ой мен көңілдің ажырамас одағы. Әрбір туынды онда бейнеленетін өмір суреттерінің толымдылығы және шынайылығымен бағалануға тиіс. Көркемдік – шынайылық болса, оны ұғындыратын әрі ұғатын адамдар жалпы үрдістерден өзге жеке сезімдік әуендерді тыңдауға бейім. Сондықтан, көркем шығармадағы өмір шындығының ең жоғары деңгейі психология заңдылықтарымен сабақтас» [1; 3].

Сондықтан Шәрбану Құмарова әңгімесінен психологизм табиғатын аша отырып, кейіпкер әлемінде болатын күйініш-сүйініш, пейзажға тоқталдық. Сонымен қатар: «Психологиялық талдау шығарманың композициялық құрылысы мен бейнелеу құралдарын жүйелеудегі, суреткердің даралық шеберлігін, стильдік ерекшелігін айқындайтын бірден-бір көркемдік өлшем. Сол себепті де көркем прозадағы психологизмнің арнайы бейнелеу құралдарын жеке-дара бөліп алып, олардың кейіпкер психологиясын талдаудағы көркемдік қызметін айқындау бүгінгі ұлттық әдебиеттану ғылымындағы күрделі тақырып», – деп [2; 4] айтылатын пікір талдау жұмысымызда басшылықта болды. Талдау объектіміздегі Ш. Құмарованың «Келін боп түскен жылы» әңгімесіндегі психологизм табиғаты жазушы тәсілінде кейіпкерлер психологиясы көмегімен орындалған. Нақтырақ айтсақ, көңіл-күй (ішкі монолог, қуану, қайғыру) табиғат құбылыстарына астастырыла берілген. Әңгімедегі негізгі оқиға соғыс кезеңіндегі қысылтаяң уақытта майданға әскер алу тұсынан өрбиді. Әңгіме сізге ауырталықты жеңіп шыққан қажырлы адамдар туралы сөз етеді. Соғыс кезеңі қарттарға да, жас адамдарға да оңай болмады. Жазушы соғыс тудырған психология өзгешерек болатынын түсіндіруге ұмтылған. Бұл – қайғы мен болашақтан үміт күткен, яғни қайғыны жақсылыққа жеңдіре білген кейіпкерлердің толғанысы туралы баяндау. Екі сезімнің қатар ұштасуы арқылы адам болмысының қалтарысына бойлатады. Әңгіме басталымы: «Қаншайым келін боп түскен жылдың жазында соғыс басталды. Майданға алғаш аттанғандардың қатарында оның жас қосылған күйеуі Бәдіғұл да кете барды. *Бәрі – көрген түстей. Айналасы үш-төрт айдың ішінде бұл екеуі бір шаңырақ астындағы ерлі-зайыптыдай болып үйренісе де, үйлесе де алмаған*», – деп [3; 373] кейіпкердің болашақ ісінен хабардар ете берілген. Әңгіме басталымының өзінде-ақ Қаншайымның Бәдіғұлға суық тарта бастауын аңғартатын «жетім ... қаршадай қызды бой жеткесін ... құтты орнына қондыру парыз» деп келетін штрих суық көңілді келіншек психологиясының түп-төркінін аңдатады. Қараңыз: «...Қанша өзіне тартса да, ол мысықша тырмысып отырған орнына жабыса түседі. ... Үркек танадай, мойыл көздерін төңкере қарап, мұңайған, жабырқанқы пішінмен жалығандай: тиіспеші, әурелемеші дегендей. Өз көңілінің тілеуіне жауап ала алмай, әлгіндегі лап өткен *жалын тез суып ызаланып* кетіп, қара ағаштай қатты денені итере тастап дастарқаннан аттап тұрып кетеді» [3; 374]. Қаншайымның бұл көңіл-күйіндегі кірбің бұдан ары күшейгені сонша, бір-біріне деген емірену сезімінің орнын сенімсізді пен күдік жайлайды. Кейіпкер келіншектің көңіліндегі ойларға, сұрақтарға жауапты бұрынғы «тілсіз досынан» жауап тапқызу тәсілі де оның жалғыздығын паш етеді: «... Қыз күнінен-ақ, осы құдықтың басына таң сәріден келіп, көңіліндегі көлкіген арманын ағытып, сырын шертіп кететін. Сонда іші босап, бір түрлі сергіп қалушы еді. Қайғырса да, қуанса да құдық басына жүгіріп келіп

көз жасын төгіп-төгіп алатын» [3; 374]. Психологиялық күй табиғат пен Қаншайымның ішкі сезіміне үйлескен.

Құдық бұрын сырласы болса, жазушы енді сол жерді күйеуінің сезіктенуіне себепші деталь ете бастағанын байқай бастайсыз. Қаншайым әдеті бойынша барып мұның сейілтетін «сырласынан» Бәдіғұлмен арасын: «Ел тұрмай мұны не айдайды? Біреумен кездесіп жүретін бәлесі бар дағы», – деп [3; 374] ажыраттыра түседі. Теорияда мұны: «Пейзаж сюжетке байланыссыз, бөлек нәрсе емес, әңгіме кейіпкерлердің көңіл күйінен кезіккен жағдайдан туады» [4; 63], – деп тұжырымдайды.

Қаншайымның аңсаған арманы да осы бір құдық басынан басталады. «Сыңғыр етіп шынжырлы шелек құдық түбіне түсе берген. Қаншайым белі шыбықтай иіліп су толы шелекті мықшиып тарта берем дегенде, толқыған судың бетінен біреу күлімдей қарап жымың еткендей болды» [3; 377]. Қаншайымның сүреңсіз жұптық өміріне сол оқиғадан кейін өзгеріс лебінің самалы соғады: «Бірақ, төрінде отырған кер маңдай, қараторы көркем жігіттің жалындай лапылдаған әрбір сөзі жас әйелдің жадау көңілін жадыратып, жүрктің нәзік пернесін тербеп, сорғалаған сұлу бал сөздерін ести берсем, тыңдай берсем дегізгендей. Сондықтан үнсіз, іштей тебіренулі» [3; 380]. Тылсым сырлар ашыла түскенде, кейіпкер әлеміндегі өзгерістерді оқырман жүрегіне шынайы етіп жеткізуде психологизмнің алар орны ерекше болған деп білеміз.

«Бұрын кейіпкер іргелі қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларға араласу арқылы ірі тұлғаланса, назардағы шығармаларда жаны нәзік лирикалық кейіпкер өмірдің елеусіз майда құбылыстарының өзін қалт жібермей қадағалайды, тіршіліктің мөлтек көрінісінен ірі, салмақты ойпар түйеді. Кейіпкер жанына үңілу, кейіпкер сырын ашу аталмыш авторларда әр түрлі» [6; 55]. Дәлеліміз: «Сол түні айдың жарығы-ай!» Аспан көкпенбек, қалың жұлдыз көк барқыт шапанға қадалған ақық түймелерше жылтырайды. Сұлудың қабағындай сүп -сүйкімді, қиықша ай дағы сол түні әлденеге таңырқап бір орнында тамсанып тұрып қалғандай» [3; 384]. Жазушы табиғаттағы ерекше көріністі бейнелеу тәсілімен Қаншайым өмірінің жаңалығын кіріктіре беріп, айдың сол күнгі жап-жарық болып жылтырауын Қаншайым сезімінің ерекше күйге бөленгендігіне балайды. «У личности есть свой психологические роли, каторые искони умели улавливать и житейское познание человека и художественная литература. Эти психологические роли могут разрастаться и обобщаются до выражения эпохального сознания-исторического характера человека той или иной эпохи и среды» [5; 47].

Аталған әңгімеде кейіпкер сезімі әр қырынан ашыла түскен. Әйел жазушылардың өзіндік шынайы ішкі психологиясы әңгіме мәтінінде өзіндік көрініс береді: «– Не айтсам екен ... Айтарым көп сияқты еді-ау! Жас әйел үнсіз жылай береді. Әйел затының ең мықты да, ең осал да жері осы дағы. Үнсіз жылау. Онда қимастық та, сыйластық та, жалыныш та, өкініш те бар» [3; 384].

Іштегі сырын шығара алмаған, жанына медет тілеген әйел затының қасиетіне тәндігі байқалады. Түс көру және оны жору-жоралғылары әңгіменің оқиға желісінде сәтімен түскен: «...Түу, судың тәттісін-ай! Қаншайым ішіп жатыр, ішіп жатыр. Жұтқан сайын рақаттанып құмарта түседі. Әбден шөлдеп қапты. Бір шелек суды басына көтере шымырқана сіміріп жатқанда... Біреу қолын қағып қалды. Шелек ұшып түсті. Омырауынан құйылған су жерге жайылды. «Әй, оңбаған!» деп кіжіне басын көтеріп алды. Басын көтеріп алса түсі екен» [3; 385]. Бұл да адам сезімінің ішкі дүниесінде болатын сан қырлы ойдың астасуы арқылы берілген психологизм көрінісі. Ойымыздың дәлелділігіне Г. Пірәлиева пікіріне жүгіне түсіндіреміз: «Көркем шығармада әдеби түс көру кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан нанымды әрі дәл бейнелеу үшін және әр кезеңнің өзіндік дүние танымына орай фантастикалық, мистикалық, лирикалық, комедиялық немесе гротестік эффектін, акцент беру үшін қолданылады» [2; 24]. Жазушы кейіпкерінің қуаныш сезімі де табиғат құстарының көңіл-күйіне алмастырылады: «Түндегі ақық моншақ-жұлдыздар көрінбейді. Шыр-шыр етіп түрлі әуенге басқан құстар жарық дүниенің жаңа бір таңы атып келе жатқанын қуана жырлап тұрғандай. Қаншайымның да көкірегін қуаныш кернеді. «Бақыттымын, арманым жоқ» дегендей сол қуаныш сазы» [3; 385]. Әрқашан табиғаттың адам сезіміне қатарлас болуы жазушы әңгімесінің қазақ әңгімелерінің жалғас стилін танытқандай. «Өзара табиғаты жақын деп отырған туындылардың айырым-ерекшеліктері мол. Әр автордың өмір құбылыстарын байқау, көру дүниесі әр басқа», – деген [6; 65] пікірі негізінде жазушы Ш. Құмарованың көркем ойын таныдық. Қараңыз: «Су бетінде қос бейне сәл қалықтап тұрды да, дір етіп тұтасып барып жоқ болды. Екеуі де басын көтеріп алып бір-біріне құшақтарын жая ұмтылысты», – деп бейнеленген ғашықтық сезім шынайылығы өмірдің өзінен алынғандай. Шын ғашықтың қоштасуы да нанымды: «– Қош! – деп ұмтылған Қаншайым талықсып, Дүйсекенің кеудесіне сылқ ете түсті» [3; 386].

Әңгімедегі екінші бір ғашық кейіпкерлер – Есентай мен Жабы. Бұл екеуінің тағдыры да сол кезеңдегі зобалаң оқиғаға байланысты аралары ажыраған. Есентайдың бақытты кездегі көңіл-күйін жазушы табиғатпен астастыра береді: «Жан-жағын неше алуан қыздар қаумалап жүрсе дағы, түнде сейілге шыққанда соның бірін місе тұтпай, сонау аспан көгінен бір жап-жарық көгілдір жұлдызды көз нысанасына алып, соған қадалып ән шырқайды. «Менің Жамбым – анау көк жұлдыз, қараңдаршы, айналасындағы жұлдыздардан жеке тұр. Басқа жұлдыздардың түсі ақшыл, сарғыш, ал менің Жамбым – көгілдір. Өйткені, ең жарық жұлдыз ғана көгілдір сәуле шашады», – деп шырқайтын» [3; 376]. Автор өз суреттеуінде жұлдызды бейнелеу арқылы Есентай бейнесінен өзіндік ішкі сезім, талғам, жүрек қалауымен бір адамды ұнату психологиясының тағы бір қырын аша түскен. Дәйектей түсейік: «Шығармада тағы бір көңіл аударатын жайт: жазушының табиғат көрінісін

жәй әншейін сырттан қызықтау үшін алмай, кейіпкердің көңіл-күй, сезімімен астарластырып беруге тырысуын байқауға болады» [7; 50].

Қорытындылай келе, Шәрбану Құмарова әңгімесіндегі психологизм табиғаты негізінен ішкі монолог, пейзаж, түс көру, кейіпкердің ішкі тебіренісі деп атауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Майтанов, Б.** Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы : Санат, 1996. – 336 б.
- 2 **Пірәлиева, Г.** Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. Ф.ғ.к. авторефераты. – Алматы, 2004.
- 3 **Құмарова, Ш.** Қазбауыр бұлттар. – Алматы : Жазушы, 1980, 416 б.
- 4 **Наурызбаев, Б.** Қазақ прозасындағы Б. Майлин дәстүрі. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1979. 180 б.
- 5 **Гинзбург, Л.** Олигературном герое. – М. : Советский писатель, 1979. – 222 стр.
- 6 **Ергөбеков, Қ.** Баянғұмыр. – Алматы : Жазушы, 1991. – 232 б.
- 7 **Шалабаев, Б.** Көркем проза тілі. – Алматы : Білім, 1994. – 128 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 02.05.13 редакцияға түсті.

Б. А. Искак

Природа психологизма в рассказе писателя Ш. Кумаровой (на примере рассказа «Келін боп түскен жылы»)

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 02.05.13.

В. А. Yskak

The nature of psychology in the story of the writer Sh. Kumarova (on the example of the story «Kelin bop tusken zhyly»)

Pavlodar State University named after S. Toraigyrov, Pavlodar.
Material received on 02.05.13.

В статье речь идет о рассказе писателя Шарбану Кумаровой, в котором анализируются новые грани художественной искани.

The article deals with the story of the writer Sh. Kumarova, analyzed the new facets of the art walk.

УДК 811.161. 1'42

С. С. Джансеитова

НАИМЕНОВАНИЯ ИСПОЛНИТЕЛЕЙ КАЗАХСКОЙ МУЗЫКИ

Чтобы стать доступным для восприятия, музыкальное произведение должно звучать, «ожить», воссоздаваться при исполнении. Исполнение является творческим, сложным и многоликим процессом, где исполнитель – важнейшее звено в сложном информационно-художественном процессе. Его задачи: понять и принять авторскую информацию, трансформировать, пропустить через себя, передать слушателю. Для обозначения «специалистов» в исполнительской области музыкального творчества существует развернутая система терминов, сформировавшаяся в связи с возрастной стратификацией казахского кочевого общества: әңші, өлеңші, күйші, ақын, сал, сері, жырау, жыршы, термеші, бақсы.

Давно нет Курмангазы, Даулеткерей, Баха, Моцарта, Бетховена, но их произведения живут в веках, причём живут более интенсивной и полной жизнью, чем в своей современности. Разумеется, никакое творчество невозможно, если у исполнителя нет соответствующей информации, если он не подготовлен своим предшествующим развитием, воспитанием. Исполнитель принадлежит своему времени, он живет, творит «сегодня», в нем заложены: жизненный опыт поколений, наследие, данное ему историей исполнительского искусства, накопленные знания и навыки, перешедшие к нему по традиции. Традиции, став для исполнителя надежной опорой, не исключают творческой смелости, новаторства, индивидуального подхода, так как музыкальное произведение отличается от произведений живописи и скульптуры, тем, что оно подлежит истолкованию исполнителем, требует интерпретатора, посредника между автором и слушателем.

Исполнительское понимание ведет к «переосмыслению» произведения, к рождению новой традиции. Существует две категории исполнителей: первые обладают общехудожественным стремлением и знанием, для них характерен широкий охват и глубокое постижение образа, у вторых преобладают профессионально-технические качества, для них важную роль играет техника исполнения. В основе тех и других лежит опыт, без которого мир музыкальных образов, с которыми имеют дело исполнители, не приобретут живую плоть. Исполнитель оживляет, обновляет, передает частицу своей энергии исполняемому произведению. Ничто не возникает

без связи с предшествующим и ничто не может не служить для подготовки будущего и это верно как по отношению к творчеству отдельного художника, так и по отношению к смене поколений. Традиционный музыкант, будучи не только исполнителем, но и творцом-исполнителем, демиургом культуры, становится в социальной структуре традиционного степного общества одним из главных источников знания, излучающим большое информационное поле, связанное как со всей Вселенной, так и с историей, культурой и традициями своего народа. Становясь основным хранителем исторической и социальной памяти своего народа, музыкальные произведения отражают события жизни, историю этноса.

Творческие особенности профессионалов-исполнителей связаны со статусом, занимаемым в обществе, с возрастными особенностями, своеобразным поведением. В поведении салов и сере воплощавших дух молодости, чувствуется раскованность, свобода, эмоциональность. Творчество акынов рассудительно, наполнено интеллектуальным содержанием. Творчество жырау философски размеренно, сдержанно, являясь великолепными импровизаторами, они никогда не участвовали в родовых айтысах, их творчество, как результат многостороннего жизненного опыта, ведет к вершинам духовности [1, с.21].

Искусство профессиональных деятелей кочевой культуры имеет ярко выраженный стиль: у салов и сере – лирический, магическая сфера деятельности которых влияла на личную и семейную карму. У акынов – драматический, их деятельность посвящена семейно-родственным связям (свадебный и похоронный обряд), регулирование социальных взаимоотношений внутри этноса. Жырау – эпический, воздействие на коллективно-родовую карму, упорядочение социальных связей через астральный мир, их деятельность – глобальная политика, военная магия, предсказание исхода военных сражений, будущего народа, воздействие на национально-государственную карму, связь с аруахами, с ментальным миром [1, с.22].

Коренные отличия представителей института исполнителей сложились изначально на генетически разных основах: баксы – непосредственно на основе эволюции ритуальных посредников, жырау – на основе трансформации провидцев – корумчи и прорицателей-коригчи: «Если типы шамана-баксы и акына возникли на основе идеологии первобытного общества, то тип жырау, подобно салам и сери, появился на основе вторичной мифологизации, характерной для эпохи крушения первобытного общества и его идеологии» [2, с.171]. Итак, в первобытном обществе сложились типы магических деятелей, обслуживающих различные потребности, к ним относятся баксы; в период классообразования – прототип сала; в эпоху развития родов и племен, сформировался тип акына; в период сложения ханства, формирования

государственности – жырау. Завершив историко-культурный цикл, культура номадов формирует новый тип творцов культуры – суфии. Музыканты суфии синтезировали в своем творчестве: экстазизм баксы, субъективную лирику салов и сере, драматизм акынов, мудрость жырау. Духовно-музыкальный опыт традиционного общества включал сакральный и художественный компоненты. В деятельности профессиональных носителей соотношение этих двух категорий эволюционировало, со временем доминировать стало художественное начало: салы, сере, акыны, жырау стали восприниматься исключительно как деятели искусства [1]. Баксы, отличающийся сугубо религиозным характером деятельности, стал исчезать.

Одно из самых заметных явлений в религиозных традициях казахов, сохранившихся от доисламской эпохи, является шаманство-баксылычество – реликт ранней религии древних номадов. Начиная с эпохи формирования родовой общины, происходит выдвижение баксы – способных видеть непроявленную часть Вселенной и общаться с духами предков. Баксы – является родоначальником всех деятелей искусства: энші, күйші, акынов, жырау, жырышы, впоследствии выделившихся из него и развившихся самостоятельно. В руках баксы сосредоточена вся магическая практика, она была их прерогативой [3]. К характерным чертам шаманизма относится: наличие культа предков; отправление ритуалов шаманом; способность впасть в особое, экстатическое состояние; осуществлять связь с потусторонним миром – духами благодаря музыкально-поэтическому искусству, способствующему достижению цели магического обряда. Баксы обладал магическими свойствами, позволяющие входить в контакт с духами. «Баксы, называют преимущественно тех лекарей, которые имеют сношения с духами и даже власть над ними» [4, с.124]. «Шаманы почитались как люди, покровительствуемые небом и духами. Шаман – человек, одаренный волшебством и знанием, он поэт, музыкант, прорицатель и вместе с тем врач» [5, с.234]. К помощи баксы прибегали в случаях бесплодия, затяжных родов, табуировании домашних животных, для очищения или освящения дома, промыслового инвентаря, заговора амулетов, обеспечения удачи на охоте или приплода в стаде, при похоронах и т.д., подобная всеохватность уходит своими корнями в эпоху первообытного синкретизма, представленного в естественной и органической форме в обрядовом комплексе [6, с.24]. Ритуальное камлание баксы помогает нам объяснить особенности его личности, созданные не только индивидуальными качествами психики, но и культурным – социальным стереотипом.

Из дошедших до нас описаний можно составить общее представление о качествах баксы, которому полагалось быть личностью незаурядной, так как за ним стояли аруахи, именно им он был обязан своим талантом. Чтобы сохранить репутацию «сильного» шамана, он должен демонстрировать

могущество помогающих ему аруахов [7]. Стать хорошим шаманом мог далеко не каждый, для этой профессии требовались особые наклонности и способности: вера в свое избранничество, развитое воображение, хорошая память и многое другое, вплоть до поэтического дара и умения владеть гипнозом.

Существовало несколько путей стать баксы: передача традиции по наследству, из поколения в поколение; выбор этого человека какими-то внешними силами; собственный выбор этого человека и длительные поиски знаний. У многих народов шаманский дар считался наследственным. Существовали и обряды посвящения в шаманы. Баксы Окен рассказывал: «Прежде я не знал, как держать кобыз и смычок, но тут вдруг не только стал играть всевозможные мотивы и песни, но и петь, и все это по вдохновению духов». О вере в сверхъестественный характер игры на кобызе говорит рассказ баксы Сюименбая. Джинны объявили ему, что избирают его своим повелителем, т.е. баксы. «В это время сам собою заиграл отцовский кобыз и пошел от стены, у которой лежал, ко мне». Духи требовали, чтобы он стал баксы: «Они велели ему взять в руки кобыз и начать играть...» [8, с.54]. Кобыз и искусство игры на нем неотделимы от роли шамана.

Большую роль в развитии и становления шамана играет психическое или духовное перевоплощение, которое часто сопровождается тяжелым заболеванием. Проявлявшаяся вдруг «шаманская болезнь», вызывала временное расстройство психики, человек убегал из дома, совершал нелепые для окружающих поступки. Болезненное состояние шамана, вызванное его верой в свое пребывание в мире духов, длилось несколько лет. «Представления о необходимости для шамана пройти через муки и смерть и затем воскреснуть имеют историческую связь с древними обрядами возрастных инициаций. «Шаманская болезнь» воспроизводит в галлюцинациях действия, некогда совершавшиеся на самом деле или символически в обряде инициации, и являются по своей функции заменителем ритуала посвящения» [9, с.27]. Баксы должен был владеть конкретной традицией: мифологией, генеалогией клана, тайным языком, экстатическими практиками – трансом, сновидением, традиционными знаниями, шаманскими приемами. Баксы подражал крикам и поведению животных и птиц: «Во время ритуала камлания баксы ходил на орла, внутри юрты ходил прыжками и произносил «кыч-кыч», потом мигом оказывался на чанараке (купольном круге юрты) и снова спускался, ел сырое мясо» [8, с.51]. Баксы, используя символику птицы, сливался с существом, характеристики которого он представлял.

Дарования баксы ярче всего проявлялись во время его общения с духами – при исполнении обрядов камлания, изображавших путешествие шамана в иные миры и земли: «Переносясь в царство своих видений, шаман

переживает галлюцинации, соответствующие задачам обряда, при этом он сохраняет прочную связь с реальным миром, чутко реагируя на поведение присутствующих, держит все под своим контролем» [9, с.32]. Состояние, в котором баксы захвачен видениями, называется экстазом, достигающиеся намеренно, усилием воли, концентрацией внимания, благодаря которым он вызывает в воображении и видит аруахов. «Это экзальтированное и высшей степени нервное состояние не только сознательно достигается, но может так же сознательно и успешно контролироваться» [10, с.45].

Г.В. Ксенофонов дает объяснение этимологии термина «кутурар», «обозначающее шаманское обрядовое пение во время камлания, от слова «кут» – душа. Следовательно «кутурар» — бесноваться, быть одержимым душой духа. Иными словами, поет не сам шаман, а та душа, бесовская, которая вселилась в него» [11, с.69]. Автор отмечает: «Первый признак сошествия духов на человека – обретение последним дара поэтической импровизации». «Поэзия есть речь богов» (вернее, обожествленных людей) присуще не только грекам, но и, в не меньшей степени, и шаманистам» [11, с.117]. У казахов представление о том, что поэтический и музыкальный дар – следствие покровительства духов – чрезвычайно распространено.

Баксы достигал нужной сосредоточенности на образах своего внутреннего мира, благодаря музыке. Секрет действия музыки заключен в особенном характере звуков кобыза: «таинственный гнусовый тембр коего способен вызывать соответствующие гипнотизирующе настроению», придавая мелодии «мистический», «потусторонний характер», «играя исключительно в нижнем регистре, где под смычком рождался низкий «таинственный» звук» [6, с.21]. Деятельность баксы, имеющая доминантную сакральную направленность, содержит в синкретическом единстве все художественные роды. Мелодии, исполняемые баксы (песенные и инструментальные), называются сарын, напевы сарынов, исполняемые баксы, являются связующим каналом между мирами. Имея знаковую функцию, они составляют важнейший – центральный момент ритуала. Баксы рассматривал музыку как дар высших сил, воздействие музыки – как магию. «Достижение высшей точки кульминации в кобзовых сарынах и обратный спуск к исходному соответствуют в плане драматургии медитативному путешествию баксы в мир Высшего существа через мир аруахов и возвращение в мир живых» [6, с.129].

Художественные образы, используемые в обряде, многообразны. Огромную роль в магическом ритуале играют жест, действие, танец, костюм, слово, звук – музыка, музыкальный инструмент, – это своего рода театральное магическое действие, разворачиваемое во времени и пространстве, благодаря таланту и актёрскому мастерству баксы. Баксы, прирожденный поэт-импровизатор с богатым воображением и фантазией, талантливый актёр,

благотворно воздействующий на психику больных красотой художественных образов, камлание – драматическая мистерия, демонстрирующая знание законов взаимозависимости психики и организма.

Преобразования, прошедшие в Казахстана после Октябрьской революции, коснулись и культурных традиций. Музыцирование с кобызом переживает глубочайший кризис, преследуемые властями баксы сходят с исторической арены. Сакральность инструмента, сложность его функционирования в традиционной культуре, сыграли огромную роль в дальнейшей судьбе традиций. Древний синкретизм в функционировании кобыза обусловлен как самим обрядом, так и деятельностью баскы, в лице которого сочетались в первую очередь: музыкант, актер, певец, жрец, лекарь, маг, прорицатель, представитель таинственных знаний, учитель, сказитель, советник, хранитель культурных традиций, т.е. религиозный культ, первобытная наука, медицина, музыка и поэзия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Мухамбетова, А. И.** Казахская традиционная музыка и XX век – Алматы : «Дайк Пресс», 2002. - 544 с.
- 2 **Турсунов, Е. Д.** Казак ауыз әдебиетінің байырғы оқылдары. Алма-Ата: Наука, 1976, с.171.
- 3 **Новик, Е. С.** Обряд и фольклор в сибирском шаманстве. – М. : Наука, 1984. с.214.
